

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

Қолжазба құқығында

Талғаров Айдос Асқарұлы

**МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ:
ҚАЙТАЛАНУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ТАЛДАУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04119 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы»

Мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекшісі: _____ А.С. Жолдыбалина, Ph.D, профессор

Жоба қорғауға жіберілді: «__» _____ 2024ж.

Мемлекеттік саясаттың
ұлттық мектебі директоры: _____ Т.Ж. Жақиянов, ә.ғ.к.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3-4
ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6-9
1 ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІ	
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	10-51
1.1 Мемлекеттік аудит жүйесі және оның халықаралық тәжірибесі	
1.2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит жүйесі: заңнамалық негізі	
2. ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	
2.1 Мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылы барысындағы мәселелер	
2.2 Мемлекеттік аудит жүйесіндегі қайталану функцияларын талдау және бағалау	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	52-53
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	54-56
ҚОСЫМШАЛАР.....	57-69

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) келесі стандарттар мен нормативтік актілерге сілтемелер жасалды:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауы;

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» №634 Жарлығы;

3. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ Заңы;

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту туралы» №167 Жарлығы;

5. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 12-НҚ нормативтік қаулысы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы»;

6. Жоғарғы аудиторлық палатасының 2015 жылғы 28 қарашасында №9-НҚ нормативтік қаулысымен және Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 27 қарашасындағы №589 бұйрығымен бірлесіп бекіткен «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары»;

7. «Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығы;

8. «Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 13-НҚ нормативтік қаулысы;

9. Халық билеушілерінің валпықытайлық жиналысының тұрақты комитетінің 8- шақырылымында бекітілген 1994 жылғы 31 тамыздағы «ҚХР аудит туралы» Заңы;

10. Ресей Федерациясының 1998 жылғы 31 шілдедегі №145-ФЗ Бюджеттік кодексі;

11. Ресей Федерациясының 2013 жылғы 5 сәуірдегі «Ресей Федерациясының Есеп палатасы туралы» №41-ФЗ Федеральдық Заңы;

12. Ресей Федерациясының 2011 жылғы 7 ақпандағы «Ресей Федерациясының құрылтай субъектілерінің және муниципалитеттердің бақылау және есепке алу органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің жалпы принциптері туралы» №6-ФЗ Федеральдық Заңы;

13. Ресей Федерациясының Үкіметінің 2020 жылғы 23 шілдедегі №1095 қаулысымен бекітілген «Тексерулер, аудиттер және сауалнамаларды нәтижелерін енгізу» ішкі мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылаудың федералдық стандарты;

14. Ресей Федерациясының Үкіметінің 2020 жылғы 17 тамыздағы №1235 қаулысымен бекітілген «Тексерулер, аудиттер мен сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін есепке алу» ішкі мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылаудың федералдық стандарты;

15. Литва Республикасының «Мемлекеттік бақылау туралы» 1995 жылғы 30 мамырдағы №I-907 Заңы;

16. Литва Республикасының «Ішкі мемлекеттік бақылау және аудит туралы» 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № IX-1253 Заңы.

Қысқартулар

Осы магистрлік жобада (зерттеуде) тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады.

МО – мемлекеттік орган;

ОМО – орталық мемлекеттік орган;

ЖАО – жергілікті атқарушы орган;

ЖАП – Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы;

ҚР ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

ҚР ҚМ - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ТК – Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары;

ІМАК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті;

ТЭ – технико-экономикалық;

ҚЭ – қаржы-экономикалық;

МЖӘ – мемлекеттік жекеменшік әріптестік;

МАО – мемлекеттік аудит органдары;

МАҚБ – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі. 2012 жылы Президентпен жарияланған «Қазақстан 2050» Стратегиясынан (бұдан әрі - Жолдау) кейін мемлекетіміз ұзақмерзімді стратегиясын жоспарлап, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына аяқ басты. Осы кезеңнен еліміздің әр саласының бірқатар бағыттары бойынша мәселелер айтылып, алға қойылған жоспарлар, тапсырмалар айқындалды. Соның ішінде мемлекеттік басқарудың жаңа бағытын қалыптастыру мақсатында мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіру бағдарының бірі ретінде мемлекеттік жоспарлаудың негізгі тетігі болып табылатын қаржылық бақылау жүйесін мемлекеттік аудит жүйесіне көшіру болды. [1].

Осы орайда Жолдауды іске асыру мақсатында 2013 жылдың 3 қыркүйегінде Президент Жарлығымен ҚР мемлекеттік аудитті енгізу туралы тұжырымдама қабылданып, бекітілді. Бұдан әрі 2015 жылдың 15 қарашасында Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды.

Бұл қабылданған құжаттар мемлекеттің тек қаржы мәселелерін ғана емес, сонымен қатар жетіспеушіліктер бойынша нақты ұсынымдарды берумен қоса, бағыттың барлық түрлерін қамтитын аудит объектілерінің қызметінің тиімділігін жан-жақты бағалауы ретінде мемлекеттік аудит құралы болды.

Бұл ретте, жоғарыда аталған Заң мемлекеттік аудиттің жүйесін сыртқы және ішкі аудит түрлеріне бөліп, субъектіге қарай жекелеген мақсаттар мен міндеттерді айқындап берген.

Мемлекеттік аудит жүргізу органдарының мемлекеттік аудит жүргізудегі өзара іс-қимылы жоғарыда көрсетілген Заңмен айқындалған. Бұған қоса сыртқы және ішкі аудит органдарының аражігі айқын болу үшін жекелеген сыртқы және ішкі аудит жүргізу ережелері бекітілді.

Соған қарамастан, сыртқы және ішкі аудиттің функцияларында, олардың аудит түрлеріне, типтеріне, функцияларына қарамастан тәжірибеде бірқатар мәселелер орын алуда. Соның бірі – функциялардың қайталануы.

Осы уақытқа дейін мемлекеттік аудит жүйесіндегі қайталану функцияларының орын алып жатқаны жайлы сарапшылардың бірқатар пікірі болған, алайда олар әлі өзекті. Осы орайда мен қайталану функцияларға талдау жүргізуді жөн көрдім.

Сол себепті мемлекеттік аудитті жетілдіру бойынша орын алып отырған мәселелерді зерттеу себептері келесідей:

Біріншіден, мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылындағы негізгі мәселенің бірі болып бір аудит объектісі аясындағы толассыз тексерулер табылады. Қазіргі таңда мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудит объектілеріне бір уақыт, бір мезгілде аудит типтеріне қарай бірнеше тексерулер жүргізуге құқылы. Бұл үрдіс мемлекеттік органдардың қызметтеріне өзінің кері әсерін тигузе және ағымдағы жұмыс

барысының тиімді жүргізілуіне кедергі жасауда. Сол себепті қайталану тексерулерді болдырмау мақсатында қазіргі уақытта мемлекеттік аудит органдарының функциясына талдау жүргізіп, оларды ұайта қарастыру мәселесі туындап отыр;

Екіншіден, мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілген бірнеше тексерулердің әсерінен туындайтын жемқорлық тәуекелділік. Бұл мәселе әрине барлық органдарда орын алатын жағдай. Алайда, дәл мемлекеттік аудит саласындағы жемқорлық тәуекелділігі, аталған жүйенің дамуына кері әсерін тигізуде. Себебі аудит объектісі толассыз тексерулердің салмағын жеңілдету, аудиттің нәтижесіне ықпал ету мақсатында жемқорлық қадамына жол беруі ықтимал. Әрине бұл құбылыстар тексеру объектісіндегі жүргізілетін толассыз тексерулердің салдарынан болуы мүмкін деп есептеймін. Сол себепті аудит саласындағы жемқорлық мәселесі статистика бойынша өзекті болып табылады.

Үшіншіден, Барлық аудит органдарына «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандартының тараматылмауы. Барлық мемлекеттік аудит органдары өзара іс-қимылында бір-бірінің аудит нәтижелерін мойындауы, қабылдауы тиіс. Алайда, бұл принцип орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтеріне таратылмайды. Бұл принцип сыртқы аудит органдары мен ішкі аудит органдарының ішіндегі тек ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - ІМАК) мен оның аймақтық департаменттеріне ғана тиесілі. Бірақ мемлекеттік аудит процесіне барлық талаптар ортақ. Бұл, бір тексеру органы екінші тексеру органының үстінен кедергісіз тексеру жүргізе беретінін дәлелдейді. Сол себепті бүгінгі күнде шешілуі тиіс мәселе болып табылады.

Осы аталған мәселелердің барлығы мемлекеттік аудит жүйесін реттейтін қолданыстағы заңнамадағы мемлекеттік аудит органдарының функцияларының қайталануы салдарынан болып отыр.

Бұл мәселе жоғарыда айтылған ұлттық ресурстардың заңды және тиімді басқарылуына және бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына өзінің кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл мәселе қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Сол себепті, мемлекеттік аудит жүйесіндегі өзара іс-қимыл бағыты қандай да бір өзгерістерді талап етеді.

Осы орайда мемлекеттік аудит жүйесінің құралы болып табылатын қолданыстағы Заңға, нормативтік-құқықтық актілерге өзгеріс енгізу арқылы қайталанатын функцияларды оңтайландыру арқылы мемлекеттік аудит саласын жетілдіру туындап отыр.

Осыған орай менің магистрлық жобамның негізгі зерттеу мақсаты осы бағыттарда және мемлекеттік аудит жүйесінің жаңалану жолдарын іздеу болмақ.

Зерттеудің мақсаты. Мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылындағы тетіктерді жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсынымдар әзірлеу.

Бұл ретте, мақсатқа қол жеткізу үшін келесі **міндеттерді** орындау талап етіледі:

- әдебиетке шолу жасау, мемлекеттің аудит жүйесіне талдау жүргізу;
- халықаралық тәжірибелерді зерттеу (бірнеше мемлекет мысалында);
- мемлекеттік аудит жүйесінің өзара іс-қимылына талдау жүргізу (мәселелерді анықтау, шешу жолдарын қарастыру бағытында);
- мемлекеттік аудит функцияларын зерттеу, ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің пәні. Мемлекеттік аудит жүйесіндегі қайталану функциялары.

Зерттеу нысаны. Мемлекеттік аудит жүйесі.

Тәжірибелік маңыздылығы: Зерттеудің қортындылары мен ұсынымдары мемлекеттік аудит жүйесінің жетілдірілуіне өз септігін тигізуі мүмкін.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру жөнінде мемлекеттік аудит жүйесінің мамандары, ғалымдар мен профессорлардың бірқатар мақалалар жарияланған. Мысалы: Зейнелғабдин А.Б. [2], Мұхтарханова Г.С. [3], Бексултанов А.А., Дуламбаева Р.Т., Зиядин С. [4], Кайдарова С.Е. [5], , Амангельдинов С.К. [6], Жуматаева Б.А., Жусупова Г. [7]. Бұған қоса Алибеков Б.А, Бейсенова Л.З. өздерінің «Мемлекеттік аудиттің әдістемелік аспектілері» атты ғылыми мақаласында қолданыстағы функциялардың қайталанатынын және бұл мәселенің әлі күнге дейін шешілмей келе жатқанын айтады[8]. Осы орайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару академиясының 2022 оқу жылындағы магистранты Жолдыбеков А.Е. өзінің магистрлық жобасында мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылындағы қайталану функцияларын болдырмау мақсатында жетілдіру тетіктерін зерделеген. Өз кезегінде қайталану функциясына қатысты оны болдырмау мақсатында ішкі аудит қызметтерінің аудит нәтижелерін тану ұсынысы берілген[9].

Бұған қоса мемлекеттік аудиттегі қайталану функцияларына қатысты шетелдік сарапшылардың мақалалары зерделенді. Соның ішінде Толчинская М.Н., Ахмедова Л.А. [10], Артемов Н.М., Пономаренко К.С. [11], Лозицкая О.И., Воронина Н.Л. [12] Ресей Федерациясының мемлекеттік аудит жүйесіндегі олардың өзара іс-қимылы мен мәселелерін айтады. Осы ретте олардың да өзара іс-қимылында қайталанулар орын алатынын көрсеткен. Сонымен қатар оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар берген.

Жобаның нормативтік-құқықтық негізі. Қазіргі таңдағы Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесін бірнеше нормативтік-құқықтық актілер реттейді. Ол біріншіден, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Заңы.

Аталған Заң 2015 жылы бекітілген. 12 тараудан, 60 баптан тұрады. 2015 жылы бекітілгеннен бастап 2023 жыл аралығында Заңға 23 рет өзгерістер енгізіліп, толықтырулар мен түзетулер жасалған.

Екіншіден, аталған заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесінің стандарттары бекітілген.

Үшіншіден, сырқы мемлекеттік аудиттің қызметін реттейтін Жоғарғы аудитор палатасымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидасы. Ол мемлекеттік аудит жүйесі қабылданғаннан бастап 10 рет өзгерістер енгізілген, 2 мәрте жаңа редакцияда қабылданған.

Сонымен қатар ішкі мемлекеттік аудиттің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидасы. Бұл құжатқа да жоғарыда аталған кезеңнен бастап 9 рет өзгеріс енгізіліп, 2 мәрте жаңа редакцияда қабылданды.

Жобаның әдіснамалық негізі. Осы орайда бүгінгі күнде мемлекеттік аудит жүйесіндегі қайталану функцияларын көрсету үшін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу әдісі қолданылды. Осы нормативтік-құқықтық актілерді салыстыру арқылы және мемлекеттік аудит жүйесін басқа мемлекеттер тәжірибесімен салыстыру арқылы айырмашылықтар мен ерекшеліктер анықталды. Бұдан әрі қайталану функцияларын жою үшін, тиісінше мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру үшін сараптамалық сауалнама, сұхбат әдістері қолданылды.

Күтілетін нәтижелер және жаңалаулар:

- мемлекеттік аудит жүйесінің өзара іс-қимылының функцияларын оңтайландыру, ара-жігін ажырату;
- аудит жүргізетін органдар арасындағы қайталану тексерулерді жою;
- мемлекеттік аудит жүргізудің сапасын жақсарту;
- жемқорлық тәуекелділікті жою.

Ұсыныстар берілетін органдар: Мемлекеттік аудит жүйесіне кіретін мемлекеттік аудит органдары.

Ғылыми жарияланым: «Мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит жүргізуде өзара іс-қимыл барысындағы мәселелері» атты ғылыми мақала «Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality» ғылыми журналында 2024 жылдың 26 наурызында 1-басылымда жарияланды (МҒТАР 06.73; ӘӨЖ 657.6(574)).

1. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІ

1.1 Мемлекеттік аудит жүйесі және оның халықаралық тәжірибесі

Аудит дегеніміз – жалпы қаржылық есептілік, оған қатысты басқа да ақпаратқа тәуелсіз пікір білдіру мақсатында шолу жүгізу. Жалпы аудит ұғымы сонау б.з.д. 2600 жылдарға жуық уақытта көне Египетте есеп, басқару, бақылау функцияларын жүргізген шенеуніктерден бастау алады. Одан бері б.з. 1-26 жылдары бұл сала Рим империясында жалғасын тауып, ол құлағаннан кейін Италия, Венеция, Флоренция сияқты үлкен қалаларда, оларға келетін тауарларды санау мақсатында пайдаланылды. Ол кездегі аудиттің басты мақсаты – қате жібермеу болатын.

Аудиттің жаңартылған ұғымының отаны болып Англия саналады. Ол 9 ғасырда есеп пен өлшеуден бастау алған. Британдық қарапайым шаруашылықтың есеп-қисабын есептеуден бастау алып, кейіннен экономикалық есептерді есептеумен жалғасты. Осылау шетелдік тәжірибе қолданысқа еніп, 1987 жылы аудиторлық қызмет құрылды.

Аудиторлық қызмет - ұйымдардың, олардың оқшауланған бөлімшелерінің, дара кәсіпкерлердің (бұдан әрі – тексерілетін субъектілер) бухгалтерлік және қаржылық есептілігін және басқа да құжаттарын тәуелсіз тексеру және қажет болған жағдайда және (немесе) олардың қызметін тексеру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет болып табылады.

Осы орайда посткеңестік мемлекеттерде қаржылық және экономикалық бақылау жүйесін толық қайта құру ойы туындап, тәуелсіз аудитті енгізудің және жылдам дамыту идеялары туындап, оған келесі принциптер негіз болды:

- меншік түрлері мен қаржыландыру көздері бойынша бақылау нысандарын нақтылап бөлу;

- бақылау нысандарын бірнешеге, соның ішінде: мемлекеттік, қоғамдық, аудиторлық (тәуелсіз), ведомстволық (компаниялық) және ішкі (шаруашылық ішілік) деп бөлу;

- бюджеттің кірістері мен шығыстарын қалыптастырудың дұрыстығы, есептіліктің дұрыстығы, сондай-ақ субъектілердің экономикалық әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру үшін резервтерді анықтау және бағалау сияқты бақыланатын мәселелерді анықтау;

- мемлекеттік, жергілікті, қоғамдық, шаруашылық ішілік, тәуелсіз аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлардың қызмет аясын анықтау.

Аталған өзгерістер постсоветтік кеңістіктің бір құрылымы ретінде Қазақстанды да қамтыды. Осыдан 1988 жылдан бастап Қазақстан аймағында аудиторлық қызмет саласы пайда болды. Аудит саласы өзінің даму барысында бірқатар ғылыми, теориялық жолдарды бастап кешіріп келеді. Соның ішінде оның түрлеріне қарай бөліну бағыты тәуелсіздік жылдарынан бастау алып, тәуелсіз аудиторлар мен мемлекеттік аудиторлар санаты болып айқындалды. Бұл модель бүгінгі күнге дейін жұмыс атқаруда [13].

Тәуелсіз аудиторларға жеке заң қабылданып, мемлекеттік аудиторлардың құзыреттілігі Қазақстан Республикасының Бюджеттік

кодексінің бір бөлімінде қарастырылды. Қазіргі таңда тәуелсіз аудиторлар Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы заңмен жұмыс атқарса, мемлекеттік аудитке Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау заңы басшылық етеді. Магистрлық жоба аясында біз Қазақстандағы мемлекеттік аудит жүйесіне басымдылық береміз.

Бұл ретте мемлекеттік аудит моделі Қазақстанда 2015 жылы бастау алды. Содан бері оның жетілдірілуі аясында көптеген жұмыстар атқарылды. Мемлекеттік аудит жүйесі қалыптастырылды, стандарттары бекітілді, сыртқы, ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу ережелері бекітілді.

Мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру жөнінде мемлекеттік аудит жүйесінің мамандары, ғалымдар мен профессорлар бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Өз кезегінде мемлекеттік аудитті зерттейтін институттар, орталықтар да жұмыс атқарады.

Бұл ретте жоба тақырыбына қатысты бірқатар мақалалар зерделенді, соның ішінде халықаралық аудиттің модельдері зерделеніп, мамандардың оғар қатысты пікірлері де қаралды. Бұл жайлы жоғарыда «магистрлық жоба тақырыбының зерттелу деңгейі» бөлігінде көрсетілді. Өз кезегінде барлық зерттеушілер өз мақалаларында, жобаларында мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері мен оның шешу жолдарын айқындап көрсетіп, өздерінің жетілдіру жолдарын ұсынған.

Осы орайда мемлекеттік аудиттің басқа мемлекеттерде қандай модельмен жұмыс атқарытыны туралы, олардың Қазақстандық модельге ұқсастығы, аудит жүргізудегі өзара іс-қимылын зерделеп көрсек. Бұл ретте салыстырмалы талдауға Қазақстанға шекаралас жатқан екі алпауыт мемлекеттер – Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы тандап алынды. Сонымен қатар академиялық оқыту аясында тағылымдамадан өткен Литва Республикасының да мемлекеттік аудит жүйесі зерделенді.

Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі - ҚХР).

ҚХР мемлекеттік аудит жүйесі сонау Чжоу династиясынан басталған (б.з.д 1122-256жж). Чжоу династиясының барлық қаражаты мен мүліктері императорға тиесі болған, бірақ оларды пайдалану, жұмсау оның қоластындағыларға жүктелген болатын. Император шығыстың жұмсалыуының, мүліктің пайдаланылуының дұрыстығын бақылау үшін – үшінші тарап бақылаушы, тексеруші тағайындаған. Аталған тексерушілер жұмсалған ұаражат мен пайдаланылған мүліктің есебін шығарып, императорға баяндап отырған. Осыдан Қытай тарихында Чжоу династиясынан бақылау түрі тәжірибеден өтіп, Цинь және Хань династиясы кезеңінде орталықтандырылған жүйе болып қалыптасты.

Одан бері Әр династиядағы жемқорлық әрекеттер, ұрлау, жымқыру сияқты толассыз қылмыстық жолдар аталған салаға ауырлық тигізіп Қытайдың аудит жүйесі бірнеше құлдырау, ыдырау және қайта құрылу кезеңдерден өтті. Себебі мемлекеттік аудит органдары аталған ауырлықтармен күресуге ресурстары және күш-жәгерлеі жетіспеді. Жүйеге салынған салмақ өте ауыр болды.

Соған қарамастан Қытайдың мемлекеттік аудиті белгілі бір кезеңдерде мемлекеттің экономикалық және сауда-саттық дамуы өз септігін тигізді. Осы орайда ежелгі Қытайдың мемлекеттік аудитінің негізгі бағыттарын атап өтуге болады:

- Халықты тіркеу орындарын бақылау
- Қаржылық кірістер мен шығыстардың аудиті
- әкімшілік департаменттердің қаржылық есеп берудің дұрыстығы мен сенімділігін бақылау
- Салықтық бақылау және салық салу жүйесінің тиімділігін тексеру
- мемлекеттік органдардың қызметі мен олардың шенеуніктерінің армандары, императорға деген адалдығы мен шындығын тексеру
- Шенеуніктердің жетістіктерін бақылау
- Жыл сайын аудиторлық есептерді дайындау

Осы орайда 1911 жылы Қытайда династиялық кезең аяқталып, 1912 жылы республикалық мемлекет жарияланды. Осы сәтте Қытай Республикасында (Бэян үкіметі кезеңі) Орталық жалпы тексеру тобы және жергілікті жерлердегі тексеру басқармалары құрылды. Бұдан әрі 1914 жылы жаңа заң қабылданып аталған тексеру органдары Тексеру палатасы болып біртұтас органға айналды. Ол президенттің алдында жылына бір рет есеп беретін болды.

Бұдан әрі 1917 жылы билікке Гомиьдан үкіметі келіп, мемлекеттік аудит жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алды. Осы орайда мемлекеттің демократиялық модельге өтуі мақсатында «Конституцияның бес билігі» моделі қабылданды. Осы Конституция бойынша мемлекеттік билік бес тармаққа бөлінді: заң шығарушы, атқарушы, сот, бақылау және емтихан. Бұл бес тармақ мемлекеттік басқарудың ең жоғарғы деңгейлері болды.

Осы бес тармақты бақылау үшін Қаржылық тексеру департаменті құрылды. Осы ретте Гомиьдан үкіметі ұлттық аудиттің негізгі дамуын нығайту және тексеру органының тәуелсіздігін және тиімділігін арттыру мақсатында үкіметтің барлық әкімшілік органдарда соттық қадағалау және бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асыру құқығы берілген мониторинг және бақылау жүйесі режимінде тексеру механизмін құрды. Бұл механизм 1949 жылға дейін жұмыс жасап келді.

Бұл кезеңде мемлекеттік аудиттің бағыты азаматтық соғыстың кең белес алуына байланысты әскери шығындарды есепке алу үшін алдын-ала тексерулер жүргізуге бағытталды. Мемлекеттік аудит басқа органдардан тәуелсіз болды және тексеру қортындылары аудиторлардың ұжымдық талқылауында болып, сол жерде қортынды шешімдер қабылданып отырды. Осы кезең Қытайдаға мемлекеттік аудиттің демократиялылығын арттырды.

Бұдан әрі 1949 жылдан 1982 жылға дейін мемлекеттегі режимдердің өзгеруіне байланысты мемлекеттік аудит жүйесі жойылып, оның функциялары басқа салалармен біріктірілді. 1983 жылы ҚХР конституциясымен мемлекеттік аудит жүйесінің жаңа статусы қабылданып, орталық және жергілікті тексеру басқармалары құрылды.

Сурет 1. Қытай Халық Республикасының мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы
(Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)



Жоғарыда аталған суретке сәйкес ҚХР мемлекеттік аудит жүйесі осы иерархияда 1983 жылдан бері сақталған. Өз кезегінде мемлекеттік кеңестің құрамына кіретін Мемлекеттік тексеру мекемесі мемлекеттік аудиттің жоғарғы органы болып табылады. Ол мемлекеттік кеңестің құрамына кіретін департаменттерде, орталықтандырылған мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерде тексерулер жүргізеді. Ол өзінің қызметі бойынша Мемлекеттік кеңестің алдында есеп береді [14].

Жергілікті мемлекеттік тексеру мекемелері мемлекеттің өңірлерінің әкімшілік басқаруындағы мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерде тексерулер жүргізеді. Ол өзінің қызметі бойынша сол өңірдің халықтық үкіметіне және Мемлекеттік тексеру мекемесіне есеп береді.

ҚХР мемлекеттік аудит жүйесін оның конституциясы және аудит туралы заңы реттейді.

Дегенмен ҚХР мемлекеттік аудит жүйесі жол табу, қалыптасу, ретке келу сияқты кезеңдерді бастан кешірсе, қазіргі таңда өзін-өзі реттеу кезеңді өткерді. Оған біраз факторлар әсер еткен, атап айтқанда:

Сурет 2.



Бұл факторлардың даму процесінде өзіндік мерзімдік деңгейі бар. Бұлардың логикалық қосындысы аудиттің дамуының кезеңдері ретінде көрсетілетін аудиторлық қызметтің дамуына сапалы серпіліс тудырды.

Бұл факторлардың әрқайсысының аудиттің дамуында өз орны бар. Дегенмен аталған факторлар ҚХР мемлекеттік аудитінің дамуына өзінің оң әсерін тигізген (Сурет 2).

Алайда мемлекеттік аудит жүйесінің дамуын кедергі келтіретін факторлар да бар. Мысалы қолданыстағы заңнамалардың жетілдірілмеуі. 1995 жылы қабылданған ҚХР аудит заңы, тек 2006 жылы ғана қайта қаралған. Сонымен қатар 2006 жылы қайта қаралған осы заң 10 жылдам астам уақыт өзгеріске ұшырамаған. Бұған қоса аудиторлардың статусы төмендеген. Біліктілік талаптары халықаралық стандарттарды қажет етеді. Ол үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу керек.

Айтылғандарға қарамастан ҚХР мемлекеттік аудиті жалпы жақсы дамыған болып саналады. Сарапшылардың пікірі бойынша мемлекеттік аудит жүйесі ерекше ұйымдастырылуымен, құқықтық мәртебесімен ерекшеленеді реттеуші органдар егжей-тегжейлі реттелген және арнайы заңдармен бекітілген [15].

Жалпы ҚХР мемлекеттік аудит жүйесі Қазақстанмен салыстыруға келмейді деп ойлаймын, себебі оның даму кезеңі сонау ерте замандағы династиядан дамып келген. Сонымен қатар ҚХР мемлекеттік аудит жүйесі вериткалды түрде жүргізіліп келеді және мемлекеттік тексеру жүйесінің басты органы мемлекеттік басқарудың бір функциясы болып табылады. Алайда жүргізіліп жатқан реформалар Қазақстанның реформасына ұқсас келеді. Мысалы жоғарыда айтылған халықаралық жүйеге ену, аудиторлық есептерді өзгерту, тәуелсіздік принципін нығайту сияқты дамуға әсер ететін факторларды Қазақстанның да мемлекеттік аудит жүйесі өзінің даму жолындағы бірегей факторлары етіп пайдаланған. Оған жоғарыда атап өтіп кеткен, еліміздің қолданыстағы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Заңына енгізілген бірнеше өзгерістер дәлел.

Сонымен қатар ҚХР Қазақстан сияқты мемлекеттік аудит саласындағы халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатуда.

Ресей Федерациясы (бұдан әрі - РФ).

РФ мемлекеттік аудиті сонау 1892 жылы Ресей тарихында бірінші рет мемлекеттік бақылау заңының қабылдауынан бастау алды. Әрине оның осы күнге дейін даму тарихы басқа европалық елдердегідей бірнеше кезеңнен тұрады. Бірақ біз РФ 1991 жылдан бастап тәуелсіз мемлекеттер достастығы кезеңінен бергі даму тарихына тоқталамыз [16].

РФ Мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылауы бюджеттік құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік реттеу міндеттемелерін және РФ бюджет жүйесінің бюджеттерінен жеке тұлғаларға төленетін басқа да төлемдер бойынша міндеттемелерді қарастыратын құқықтық актілердің ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Сондай-ақ мемлекеттік (муниципалдық) келісім-шарттардың, бюджеттен қаражат беру туралы келісімшарттардың (келісімдердің) талаптарын сақтау болып табылады.

РФ мемлекеттік бақылау жүйесі сыртқы, ішкі, алдын-ала және кейінгі болып бөлінеді.

Сыртқы мемлекеттік бақылауға РФ Есеп палатасы және РФ субъектілер мен құрылтайшы муниципалитеттердің бақылау-есепке алу органдары жатады.

Ішкі мемлекеттік аудитке РФ құрылтай субъектілерінің атқарушы органдары болып табылатын Федералдық қазынашылықтың, мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылау органдарының бақылау қызметі жатады.

Алдын-ала тексеру ол РФ бюджеттік жүйесіндегі бюджеттің орындалуы барысында бюджеттік, қаржылық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту үшін жүргізілетін шара болып табылса, кейінгі – аталған бюджеттің орындалуы нәтижесі бойынша оның қолданыстағы заңнамаларға сәйкестігі және есеп пен есептіліктің дұрыстығына сәйкестігі болып табылады. Бұл аталған екі түрді жоғарыда көрсеткен сыртқы және ішкі мемлекеттік бақылау органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау камералды, аудит объектісінде және қарама-қарсы бақылау болып бөлінеді.

Мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылауды жүзеге асыру әдістеріне – бақылау, тексеру, зерделеу жатады.

Мемлекеттік аудит объектілеріне мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, мемлекеттік бюджеттен ақша алушылар, соның ішінде квазимемлекеттік субъект секторлары жатады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау қортындысы бойынша тиісті құжат толтырылып, оның негізінде анықталған бұзушылықтарды жою және оны жою туралы қабылданған шаралар ұсыну туралы ұсынымдар толтырылады. Аталған құжат мемлекеттік бақылау объектілерінің міндетті түрде орындауға жататын құжаты болып табылады [17].

Сурет 3. Ресей Федерациясының мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы (Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)



Сыртқы аудит органдарының қызметтерін реттеу үшін РФ Есеп палатасы туралы және «РФ құрылтай субъектілерінің және муниципалитеттердің бақылау және есепке алу органдарының

ұйымдастырылуы мен қызметінің жалпы принциптері туралы» Заңдары қарастырылған [18].

Өз қызметінде сыртқы аудит органдары, соның ішінде Есеп палатасы РФ Парламентіне бағынса, муниципалитеттердің бақылау және есепке алу органдары жергілікті федеративтік орган өкілдеріне бағынысты [19].

Ішкі аудит органдарының қызметі РФ Үкіметінің қаулыларымен бекітілген «Тексерулер, аудиттер және сауалнамаларды нәтижелерін енгізу» ішкі мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылаудың федералдық стандартымен және «Тексерулер, аудиттер мен сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін есепке алу» ішкі мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылаудың федералдық стандартымен реттеледі [20].

Өз қызметінде ішкі мемлекеттік бақылау органдары тікелей РФ Үкіметіне бағынысты және оның алдында есеп береді.

Тағы бір айтарлық май ол - М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде Ресейдің ғылым академиясы мен Есеп палатасының бастамасымен 2006 жылдан бастап «Мемлекеттік аудиттің жоғарғы мектебі» факультеті жұмыс атқарады. Ол жерде болашақ мемлекеттік аудиторлар мен бақылаушыларды дайындайды.

Жалпы РФ мемлекеттік бақылау жүйесі өзінің қысқа мерзімде тез қалыптасуына қарамастан қазіргі таңда бірқатар мәселелерді бастан кешуде. Мысалы, ресей сарапшылары мемлекеттік бақылау органдарының өзара іс-қимылы барысында бірқатар мәселелерді атап отыр.

М.И.Львов пен А.В.Албычеваның пікірінше мемлекеттік аудит жүргізуде нақты стандарттардың бірыңғай жүйесінің, методикалық ұсыныстардың жоқтығы. Бұл бюджет қаражатын тексеруде мемлекеттік бақылау және аудит органдарының өзара іс-қимылында ашықтық, жариялылықтың болмауына алып келеді дейді сарапшы.

Бұған қоса жаңаланған бұзушылықтар сыныптамасының жоқтығы. Бұл бағдарламалық жобаларға бөлінген қаражаттарға жүргізілетін бақылау мен аудит қортындысы бойынша қабылданатын шараларға өзінің теріс әсерін тигізуі мүмкін [21].

2023 жылдың қазан айында РФ Қаржы министрлінің орынбасары А.М. Лавровтың айтуынша 2013 жылғы мемлекеттік қаржылық бақылаудағы бірқатар өзгерістерден кейін қайталану функциялары, қаржылық бұзушылық сыныптамасының түсініксіздігі сияқты мәселер түбегейлі шешілді деп жариялаған [22].

Алайда, М.Н.Толчинская мен Л.А.Ахмедованың пікірінше мемлекеттік бақылау органдарының өзара іс-қимылындағы функционалдық аражігі әлі шешілмеген. Бұл аталған органдардың арасында қайталану функцияларына алып келетінін айтып отыр [23].

Бұл ретте РФ мемлекеттік бақылау жүйесі Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесімен ұқсас келеді. Себебі екі елдің аталған жүйедегі даму кезеңі бір мерзімде қатар жаңғырғаны байқалады. Салыстырмалы түрде айта кетсек Қазақстан мен РФ мемлекеттік аудит жүйесінде келесі бағыттар ұқсас келеді:

- Мемлекеттік аудиттің сыртқы және ішкі болып екіге бөлінуі;
- Есеп палатасы мен бақылау есепке алу органдары (Қазақстанда Жоғарғы аудиторлық палатасы және тексеру комиссиялары);
- Үкімет құрамындағы федералдық қазынашылық бақылау органдары (Қазақстанда ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен оның аумақтардағы департаменттері);
- Сыртқы жоғарғы органдардың ИНТОСАИ ұйымындағы мүшелігі;
- Мемлекеттік университет құрамында мемлекеттік аудиторларды оқытатын бөлімнің бар болуы (Қазақстанда Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де).

Литва Республикасы.

Литва Республикасының мемлекеттік бақылау жүйесі сонау 1919 жылдан бастау алады. Ең бірінші Литва Республикасының мемлекеттік бақылаудың жоғарғы органы осы жылдың 16 қаңтарында құрылған. Осы жылы мемлекеттік бақылау туралы Заң қабылданып, аталған заң мемлекеттік бақылау органының қызметін реттейтін басты құжат болып саналды. Бұдан әрі 1940 жылы бұл мекеме жойылып, 1990 жылы Литва Республикасының тәуелсіздік алуына орай мемлекеттік бақылау жүйесі қайта құрылды. 1992 жылы Литва Республикасының Конституциясы қабылданып, аталған құжатта мемлекеттік бақылау органына ерекше мәртебе берілді. Осы жылы Литваның мемлекеттік бақылау органы жоғарғы мемлекеттік аудит органдарының халықаралық ұйымына (ИНТОСАИ) мүше болды. Осы сәттен бастап Литва мемлекетінде дамудың жаңа кезеңі басталды, онымен бірге мемлекеттік бақылау органы өзінің жаңғыру кезеңін жүргізді. Мемлекеттік бақылау заңы 6 рет жаңа редакцияда қайта жарияланды және оған 4 рет өзгерістер енгізіліп, толықтырулар жасалынды.

Жаңа өзгерістерге сәйкес мемлекеттік бақылау органы бірнеше мемлекеттермен одақтастық меморандумдарға қол қойды. Евроодақтың талаптарына сай мемлекеттік бақылау органдары 2015 жылдан бастап республиканың бюджеттік саясатына араласатын болды. Мемлекеттік бақылау органының бас бақылаушысы президентпен тағайындалатын болды және оның өкілеттілігі 5 жылдан тұратыныны анықталды. Сонымен қатар мемлекеттік бақылау органы республиканың парламентінің алдында есеп беретін болды.

Қазіргі таңда Литва Республикасының мемлекеттік бақылау органы - бір векторлы жолмен қалыптасқан. Мемлекеттік аудит органы мемлекет қаражаты мен мүлкін басқару мен пайдаланудың заңдылығын, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылайды. Бұл Еуропалық Одақтағы үш мекеменің функцияларын бір уақытта орындайтын жалғыз мекеме: Жоғары қаржылық бақылау органы (SAI), Еуропалық Одақтың инвестициялық аудит институты және Бюджеттік мониторинг институты.

Мемлекеттік бақылау органы мемлекеттік аудиттің негізгі үш түрін жүргізеді, олар:

1. Қаржылық аудит - аудит жүргізілетін субъектінің жылдық (шоғырландырылған) қаржы/бюджеттік есептерінің жинақтарын бағалау және тәуелсіз аудиторлық пікір білдіру;

2. Тиімділік аудит - тексерілетін субъектінің қызметі үнемділік, тиімділік және нәтижелілік тұрғысынан бағаланғанда жүргізіледі;

3. Комплаенс аудит - тексерілетін субъекті қызметінің құқықтық актілерге және өзге де талаптарға сәйкестігін бағалау кезінде және тәуелсіз аудиторлық пікір білдіру бойынша жүргізілетін аудит.

Бүгінгі күнге мемлекеттік аудит жүйесін үнемі түрде жетілдіру мақсатында 2025 жылға дейін мемлекеттік аудиттің стратегиясы қабылданған. Құжат бас мемлекеттік бақылаушымен 2021 жылы бекітіліген. Бұл құжат - мекеменің миссиясын, құндылықтарын, стратегиялық мақсаты мен оны жүзеге асыру бағыттарын, сондай-ақ көрсеткіштерін айқындайтын мемлекеттік аудит органының қызметін дамытудың негізгі жоспарлық құжаты болып табылады.

Аталған құжатта мемлекеттік аудиттің миссиясы, құндылықтары, стратегиялық мақсаты мен бағыттары айқын анықталған және оларды орындау үшін міндеттер мен мақсатты индикаторлар құрылған. Бұл Литва Республикасындағы мемлекеттік бақылау/аудит жүйесінің тұрақты даму жолында келе жатқанын байқатады [24].

Литва Республикасының мемлекеттік бақылау жүйесінің құрылымы қызметтің бағытына қарай ішкі және сыртқы аудит болып бөлінеді. Ішкі аудит органдары сыртқы аудит органына бағынады. Ішкі аудит органдарына президент кеңсесінің, парламенттің аудит бөлімдері, үкімет құрамына кіретін министрліктер және оның ведомствалық бағынысты ұйымдары, жергілікті өзін-өзі басқару (муниципалитеттер) кіреді. Сыртқы аудит органына мемлекеттік бақылау органы жатады.

Сурет 4. Литва Республикасының мемлекеттік бақылау/аудит жүйесінің құрылымы
(Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)



Мемлекеттік бақылау органы (Ұлттық аудит палатасы) – мемлекеттік бақылаудың жоғарғы органы болып табылады. Бұл органды бас мемлекеттік бақылаушы басқарады. Жоғарыда айтып кеткендей президентпен тағайындалады және 5 жылға бекітеледі. Аталған орган тәуелсіз орган болып табылады және тек мемлекеттің Парламентінің алдында есеп береді. Айта кететін бір жайт – бұл орган президенттің алдында есеп бермейді және оған бағынбайды.

Мемлекеттік бақылау органы Литва Республикасының Конституциясына, Мемлекеттік бақылау заңына (бұдан әрі - Заң) және басқа да халықаралық қатынасты реттейтін заңнамалық актілерге сәйкес қызметін жүзеге асырады.

Заң мемлекеттік бақылау органының статусын, аудит жүргізу тәртібін, уәкілеттілігін, міндеттерін, мемлекеттік бақылаушылардың құқықтық уәкілеттілігін қамтиды. Сонымен қатар аудиторлық іс-шараның бағытын, есептілігін, жүзеге асыру жолдары да қарастырылған.

Бұл органның құзыретіне 7 функция кіреді. Негізгі функция болып Парламентке берілетін есеп болып табылады. Бұл ретте есеп бюджет қаражатының орындалуы туралы ақпаратты, аудит қортындылары, салықтық, фискалдық саясаттың дұрысы жүргізілуінің қортындысы туралы мәліметтерді де қамтиды. Сонымен қатар министрліктердегі аудит бөлімдері мен жергілікті өзін-өзі басқарудағы аудит бөлімдерінің қызметіне сыртқы тексеру функциясы қарастырылған.

Жалпы аталған Заң өте тар жазылған. Мемлекеттік бақылау органы жүргізетін функциялар өте аз және бақылау функциясының процестері ашып көрсетілмеген деп есептеймін [25].

Бұл өз кезегінде ішкі бақылау органдарына жеке заңның қабылдануына байланысты болуы да мүмкін. Осы ретте мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы бойынша ішкі аудит органдарын қарастырсақ.

Ішкі мемлекеттік бақылау органдарына Литва Республикасының Үкіметінің құрамына кіретін министрліктердің, оның ішіндегі агенттіктердің аудит бөлімдері, жергілікті өзін-өзі басқарудағы (муниципалды аудандар, қалалар) аудит бөлімдері жатады. Бұған қоса Президент кеңсесі мен Парламент апаратының аудит бөлімдері де ішкі бақылау түріне кіреді (*Сурет 4*).

Ішкі мемлекеттік бақылаудың қызметін Литва Республикасының Ішкі мемлекеттік бақылау және аудит туралы Заңы реттейді (бұдан әрі - Заң).

Аталған Заңда ішкі аудиттің, қаржылық бақылаудың мақсаты мен міндеттері, ішкі бақылау органдарының тәуелсіздігі, мемлекеттік бақылаушылардың құзыреттілігі қарастырылған. Заң 11 баптан ғана тұрады және сыртқы мемлекеттік аудит Заңындай өте тар жазылған. Ішкі бақылаудың негізгі қызметінің процесі, бақылаушылардың мәртебесі, олардың сертификатталуы, басқа бақылау органдарымен өзара қарым-қатынасы қарастырылмаған.

Ішкі аудиттің мақсаты – тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жүйелі және жан-жақты бағалау арқылы мемлекеттік заңды тұлғаның, оған

ведомстволық бағынысты және оның қызмет ету саласына бекітілген мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметінің мақсаттарын іске асыруға жәрдемдесу, басқару болып табылады.

Ішкі мемлекеттік бақылау органдары өз құзыреті шегінде әр мемлекеттік органның басшысына есеп береді, ал жалпы шоғырландырылған есеп Үкіметке (Қаржы министрлігі) беріледі. Өз қызметтерін әр мемлекеттік органның басшысы бекіткен ереже негізінде жүргізіледі [26].

Жалпы академиялық оқу барысында Литва Республикасында екі апталық тағылым өткізілді. Тағылымдама барысында магистрлық жоба тақырыбы аясында Литва Республикасының Білім, ғылым және спорт министрлігінің Спорт агенттігінің ішкі бақылау бөлімінің маманы Вайда Аненова ханыммен сұхбат өткізілді.

Сұхбат Литва Республикасының мемлекеттік бақылау жүйесінің құрылу барысы, даму тарихы, қазіргі жағдайы және туындап жатқан мәселерді қамтыды [27].

Маманның айтуынша мемлекеттік бақылау жүйесінде қазіргі таңда туындап жатқан мәселер жоқ, алайда қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді үнемі жетілдіріп отыру керектігін айтып отыр. Сонымен қатар аудит қортындысы бойынша берілген ұсыныстардың сапалы орындалуын бақылау қатаң қолға алынса дейді.

Ал мемлекеттік аудит жүйесіндегі жағымды тұсы ретінде маман ол – құндылықтарды атап көрсетті.

Кәсібилік жағынан қызметкерлер объективті шешімдер қабылдай отырып сапалы нәтижелерге қол жеткізсе, озық тәжірибені пайдалана отырып және үнемі жетілдіріп отырса. Этикалық мінез-құлық арқылы адал, объективті және бейтараптылық, мүдделі тараптармен сыйластық пен өзара сенім негізінде ынтымақтастық орнатады. Осы орайда қызметкерлер мүдделі тараптармен құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынастарды дамыта отырып, ортақ мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істеу арқылы ынтымақтастық орнатады. Сонымен қатар қызметкерлер жанашылдықтарды іздеуге, ашуға, сынауға және күнделікті қызметінде қолдануға құмарланып, батыл қадам жасау арқылы инновацияға ұмтылады.

Бұл мемлекеттік аудит органдарының қызметкерлері пайдаланатын негізгі құндылықтар болып табылады (Сурет 5).

Сурет 5.



Жалпы Литва Республикасының мемлекеттік бақылау жүйесінде Қазақстанмен салыстырғанда айырмашылық көп, мысалы:

- Литвада мемлекеттік бақылау орган президентке бағынбайды (Қазақстанда Жоғарғы аудиторлық палатасы президентке бағынысты);
- Сыртқы және ішкі аудит органдарына жекелеген заң қарастырылған (Қазақстанда сыртқы, ішкі аудит түріне ортақ заң басшылық етеді);
- Әкімшілік бөліністе Литвада облыс деңгейі қарастырылмаған;
- Бір министрлік ішіндегі әр агенттіктің өз ішкі аудит бөлімі қарастырылған (Қазақстанда жалпы министрлікке бір аудит қызметі қарастырылған).

Бұған қоса қорытынды ретінде, Литва мемлекетінің бақылау/аудит жүйесі салыстырмалы түрде бір саты алда келе жатқаны байқалады. Оған себеп - мемлекеттік бақылау органдарының өзара іс-қимылындағы тығыз қарым-қатынас, жемқорлық тәуекелділіктің жоқтығы, әр аудит органның тәуелсіздігінің маңыздылығы. Бұл ретте Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесіндегі орын алып жатқан мәселелер келесі бөлімде қарастырылатын болады.

Жалпы қорыта келе, халықаралық тәжірибені талдау қортындысы бойынша барлық мемлекеттердің мемлекеттік аудит жүйесі жақсы жүйеленген. Зерттелген үш мемлекеттің де мемлекеттік аудит жүйесі Қазақстандық модельге келеді. Өз кезегінде жоғарыда айтылғандай салыстырмалы түрде артықшылықтары мен кемшіліктері де байқалады. Алайда басым бөлігінде артықшылықтары бар. Әр мемлекеттің аталған саласы бірнеше реформаларды бастан кешіргені де байқалады. Бұл әр мемлекеттің өзінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі аталған салаға басым көңіл бөлетіндігін көрсетеді.

Қазақстан бұл ретте, айтылған мемлекеттердің ішіндегі ең жас мемлекет ретінде өзінің мемлекеттік аудит жүйесін бүгінгі күнгі жағдайға жеткізгені үлкен жетістік болып саналады. Әрине, кемшіліктер бар, әсіресе мемлекеттік аудит жүйесінің өзара іс-қимылындағы бірқатар орын алып жатқан мәселелер, бірқатар шешімдерді қабылдауды талап етеді. Осы орайда, келесі бөлімде аталған мәселелерге жеке тоқталып өтуді жөн көрдің.

1.2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит жүйесі: заңнамалық негізі.

Қазақстанның мемлекеттік аудит жүйесі 2015 жылы енгізілгеннен бастап 9 жыл ішінде Мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі тетігінің бірі болып нық қалыптасты. Қазіргі таңда мемлекеттік аудит – республика мен жергілікті аймақтардан тұратын, тұрақты қалыптасқан, вертикалды және горизонтальді жүйесі бар мемлекеттік институттың бірі.

Қазақстандағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесінің тарихына қысқаша жүгінсек, еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап қаржылық бақылау органдарының құзыреті сол уақытта қабылданған Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі туралы заңында қарастырылған болатын. Сол сәттен бастап аталған құжат 5 рет қайта

қабылданылып, қаржылық бақылау жүйесі келесі құжаттардың құрылымында болды:


- Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі туралы 1991, 1996, 1999 жылдардағы Заңдары;
- 2004 және 2008 жылдардағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодекстері;

Өз кезегінде бұл құжаттар Қазақстандағы мемлекеттік бақылау жүйесін реттеп отырды. Есеп палатасының уәкілеттілігі осы кодекспен қарастырылып, ережесі президенттің жарлығымен бекітілді. Ал ішкі бақылау органдарының ережесі тиісті органның басшысымен бекітіліп отырды.

Бұдан әрі жоғарыда айтып кеткендей 2015 жылы мемлекеттік аудит жүйесін халықаралық стандартына сай келтіру мақсатында аталған салаға жеке Заң қабылданды.

Осы орайда Заң 12 тараудан, 60 баптан тұрады. 2015 жылы бекітілгеннен бастап 2023 жыл аралығында Заңға 23 рет өзгерістер енгізілген деп жоғарыда айтып өткен болатынмын. Өз кезегінде оның динамикасы келесі диаграммада көрсетілген:

*Диаграмма 1. Заңның өзгеру процесі
(Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)*



Мемлекеттік аудит ол тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде мемлекеттің қаражаты мен активтерін пайдаланудың және басқарудың тиімділігін талдау, бағалау және тексеру. Бұған қоса мемлекеттік аудит мемлекет кепіл берген қарыздарды, гранттарды және басқа да қызметтердің тиімділігіне аудит жасайды.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты – бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Мемлекеттік аудитпен бюджеттен қаржыландырылатын барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және квазимемлекеттік сектор субъектілері (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар) қамтылады.

Мемлекеттік аудит жүйесінің қызметін мемлекеттік аудит туралы заң мемлекеттік аудит туралы стандарттар және мемлекеттік аудитті жүргізудің сыртқы және ішкі қағидалары реттейді.

Заңда мемлекеттік аудиттің негізгі ережелері, мемлекеттік реттеу, рәсімдік негіздер, мемлекеттік аудитке қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, Жоғарғы аудиторлық палатасы мен тексеру комиссияларының қызметі және оның басқа аудит органдарымен өзара қатынасы, ішкі аудит қызметтері мен ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның қызметтерін ұйымдастыру қарастырылған.

Бұл ретте аталған Заңға сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізудің талаптарын айқындау үшін халықаралық стандарттардың негізінде әзірленген және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне қойылатын негізді қалайтын талаптарды қамтитын мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттары бекітілді.

Аталған стандарттар Жоғарғы аудиторлық палатасымен әзірленіп, Президенттің жарлығымен бекітілген. Ол мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізудің тиімділігін, дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне қойылатын негіз қалаушы талаптарды қамтиды.

Сонымен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы 13 стандарты бар, олар келесі кестеде көрсетілген:

Сурет 6. Мемлекеттік аудиттің стандарттары



Барлық мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары өз қызметінде аталған стандарттарды қолдануға міндетті.

Осы стандарттардың арасынан жобама тікелей қатысты өзекті мәселенің бірі болып табылатын «Аудит нәтижелерін өзара тану» стандарты.

«Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандартының мәні – бір мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы, басқа да осыған ұқсас органдар жүргізген аудит нәтижелерін тану тетігін белгілеу болып табылады. Бұл мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың белгіленген стандарттары сақталған жағдайда, бір орган жүргізген аудит нәтижелерін басқа органдар тануы мүмкін дегенді білдіреді.

Бұл стандарт аудит нәтижелеріне деген сенімділікті арттыруға және жұмыстардың қайталануын азайтуға ықпал етеді, өйткені әртүрлі органдар бір-бірінің аудит нәтижелерін тануы керек. Бұл тәсіл ресурстарды тиімді

пайдалануға және жалпы мемлекеттік аудиттің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар жалпы стандарттармен бірге Заңда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жүргізу рәсіміне, тетігіне, әдістеріне және аудит жүргізетін органдардың қызметіне қойылатын рәсімдік талаптарды қамтитын рәсімдік стандарттары қарастырылған.

Субъектіге қарай мемлекеттік аудит екі түрге бөлінеді: сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит.

Егер сыртқы аудит - халықтың әл-ауқатын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың заңды және тиімді басқарылуына талдау жасап, оған баға берсе, ішкі аудит - мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі құжаттарда көрсетілген тікелей және ақырғы нәтижелерге қол жеткізуде қаражаттың тиімді пайдаланылуына, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерінің пайдаланылуына талдау, баға беру болып табылады.


Қолданыстағы стандарттар мен заң, аудиттің екі түріне ортақ болса, сыртқы және ішкі қағидалар әр мемлекеттік аудит түрінің тиісті уәкілетті органдарымен бекітіледі.

Сонымен қатар аудиттің сәйкестік, қаржылық есептілік және тиімділік типтері қарастырылған. Олар да жоғарыда аталған барлық мемлекеттік аудит органдарына ортақ болып саналады.

Осы орайда көзделген аудит типтеріне байланысты сәйкестік аудиті, тиімділік аудиті және қаржылық есептілік аудитін жүргізудің жекелеген қағидалары бекітіліп, қолданысқа енгізілген.

Сәйкесінше аталған мемлекеттік аудит типтеріне қарай келесі көрсеткіштер бар:

Сурет 7. Көрсеткіштер



Бұл көрсеткіштер мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың жұмысын тиімділік, үнемділік, өнімділік, нәтижелік, маңыздылық және перспективалар тұрғысынан бағалауға көмектеседі. Бұл аудиторлар ресурстардың қаншалықты тиімді пайдаланылғанын және қойылған мақсаттарға сәйкес қандай нәтижелерге қол жеткізілгенін бағалайтын критерийлер. Бұл

қызметтің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және болашақта жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Бұған қоса әрқайсысы пайдаланылған ресурстарды, қол жеткізілген нәтижелерді және заң талаптарының сақталуын ескере отырып, мемлекеттік органдардың немесе ұйымдар қызметінің белгілі бір аспектілерін өлшейді. Бұл

көрсеткіштерді талдау ресурстар мен мақсаттарды басқарудың тиімділігі мен тиімділігін бағалауға және болашақта жақсарту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді (сурет 7).

Әлбетте жоғарыда айтылғандардың барлығы мемлекеттік аудиттің қағидаттарымен негізделген. Заңға сәйкес оған 8 қағидат қарастырылған:

Сурет 8. Қағидаттар



Аталған қағидаттардың мәні мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау процесінде тәуелсіздікті, объективтілікті, кәсіби құзыреттілікті, құпиялылықты, анықтықты, айқындылықты, жариялылық пен нәтижелердің өзара танылуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қағидаттар жүргізілген аудиттердің тұтастығын, сенімділігін және тиімділігін қамтамасыз етеді, ол өз кезегінде мемлекеттік сектордағы ашықтық, есеп берушілік және басқару

мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді (Сурет 8).

Анықталған бұзушылықтарды сыныптау, сондай-ақ оларды жою нәтижелері туралы есептілікті қалыптастыру кезінде бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары бұзушылықтар сыныптаушысын қолданады.

Бұзушылықтар сыныптаушысы Жоғарғы аудиторлар палатасы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеп, бекіткен. Сыныптаушы құқық бұзушылықтың екі негізгі түрін қамтиды:

- мемлекеттік және квазимемлекеттік қаражатты негізсіз жұмсауға әкеп соққан қаржылық бұзушылықтар;
- мемлекеттік және квазимемлекеттік қаражатты негізсіз пайдаланылуына әкеп соқпаған рәсімдік сипатындағы бұзушылықтар.

Тиісінше аталған қаржылық бұзушылықтар бюджетке қайтаруды, тексеру органдарының нұсқамаларына және сот шешімдеріне сәйкес қалпына келтіру жолын немесе түзету жолын талап етуі мүмкін.

Осы ретте мемлекеттік аудит жүйесінде мемлекеттік аудитпен қоса қаржылық бақылау да қатар жүретінін айтып кеткен жөн. Мемлекеттік аудитке жоғарыда түсініктеме айтып өткен болатынмын, енді қаржылық бақылаудың түсінігі және оның маңыздылығын түсіндірсем.

Қаржылық бақылау дегеніміз - белгіленген уәкілет деңгейінде анықталған бюджет қаражатын бюджетке өтеуді, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын қайта есепке алу бойынша көрсету, нұсқамаларды орындау және бұзушылық жіберген тұлғаларды жауапқа тарту арқылы қалпына келтіруді қамтамасыз ету.

Қаржылық бақылаудың бірнеше ден қою шаралары болады, олар:

Нұсқама шығару	• анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама береді
Әкімшілік іс қозғау	• әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзырет шегінде әкімшілік іс жүргізуді қозғайды
Құжаттарды құқық қорғау органына немесе әкімшілік іс қозғауға жолдау	• әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық анықталған жағдайда тиісті құжаттарды аталған құзырлы органдарға жолдайды
Сотқа жүгіну	• анықталған бұзушылықтардың қалпына келтірілуі ерікті түрде орындалмаған жағдайда сотқа шешім қабылдау үшін арыз жолданады

Жалпы алғанда, бұл шаралар қаржылық тәртіп пен заңдылықты сақтауға ықпал ететін шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуді, жауапкершілікке тартуды және зиянды қалпына келтіруді қоса алғанда, қаржылық бұзушылықтарды бақылау үшін қолданылатын кешенді тәсіл.

Ал оның маңыздылығы осы айтылған кешенді тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар мемлекеттік бюджеттің дұрыс пайдаланылуына, оның пайдалану барысында тиімді жұмсалыуына, сонымен қатар нәтижесінде жалпы мемлекеттік экономиканың дұрыс жүруіне, дамуына өзінің оң септігін тигізеді

Қазақстанда мемлекеттік аудит сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит болып екі түрге бөлінген деп жоғарыда айтқан болатынмын.

Осыған орай заңға сәйкес сыртқы аудит органдарына Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы және жергілікті жерлердегі облыстық тексеру комиссиялары кіреді.

Жоғарғы аудиторлық палатасы.

Жоғарғы аудиторлық палатасы (бұдан әрі - ЖАП) мемлекеттік аудит жүйесінің жоғарғы аудит органы болып табылады және тікелей мемлекет басшысына бағынады. Ол 2022 жылы Мемлекет басшысының Есеп комитетін ЖАП етіп қайта құру және аталған органның функцияларын күшейту тапсырмасы бойынша өзгертілген болатын. Заңға сәйкес мемлекеттік аудит органдарының үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады. Сонымен қатар Жоғарғы аудиторлық палатасы жоғарғы аудит органдарының халықаралық ұйымының мүшесі болып табылады (ИНТОСАИ) және 2024 жылы аталған ұйымда төрағалық етуде.

Ол жылына екі рет Парламенттің Мәжілісіне өз қызметі жайлы есеп береді. Республикалық бюджеттің орындалу есебіне қортынды береді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астана қаласының тексеру комиссияларына әдістемелік көмек көрсетеді және олардың қызметіне бағалау жүргізеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астана қаласының тексеру комиссиялары (бұдан әрі – Тексеру комиссиялары).

Тексеру комиссиялары 2011 жылы Президенттің Жарлығымен құрылған. Олар соған дейін болған облыстық мәслихаттағы тексеру комиссияларының жойылып, жеке мемлекеттік мекеме ретінде ұйымдық-құқықтық нысанында құрылды. Өз кезегінде құзыреті сәйкес жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырады және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің мәслихаттарына есеп береді.

Тексеру комиссияларына әдістемелік, біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлігінде қызметтерін үйлестіру функциясы Жоғарғы аудиторлық палатасына жүктелген. Сонымен қатар олардың жүргізген аудиторлық іс-шараларына сапалық бақылау жүргізеді және олардың қызметін бағалайды.

Ішкі аудит органдарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық департаменттері, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың әкімдіктердің және ішкі істер министрлігінің облыстық департаменттерінің ішкі аудит қызметтері кіреді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - ІАК) мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық департаменттері. ІАК Ішкі аудит органдарының уәкілетті органы болып табылады. Ол барлық деңгейдегі ішкі мемлекеттік аудит органдарының әдістемелік, біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлігінде қызметтерін үйлестіреді. Үкіметке бағынысты және оған есеп береді. Ішкі аудит органдарынан жылдық, тоқсандық есептерді қабылдайды. Олардың жүргізген аудиторлық іс-шараларына сапалық бақылау жүргізеді және олардың қызметін бағалайды.

Ішкі аудит қызметтері. Ішкі аудит қызметтері орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың әкімдіктерінің және ішкі істер министрлігінің облыстық департаменттерінің құрылымдық бөлімшесі болып құрылады. Басқа мемлекеттік аудит органдары сияқты жеке заңды тұлға ретінде жұмыс атқармайды. Құрылған органның бірінші басшысына бағынысты және оған есеп береді. Қолданыстағы Заңға сәйкес ІАК есеп береді.

Сурет 9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит жүйесінің құрылымы (Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)



Осы ретте атап өтетін мемлекеттік аудит үйесіндегі тағы бір маңызды орган ол – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың үйлестіру кеңесі. Бұл кеңес мемлекеттік аудит органдарының өзара қарым-қатынасын және қызметін үйлестіретін орган болып табылады. Аталған кеңес Жоғарғы аудиторлық палатасы бекіткен үйлестіру кеңесінің ережесі негізінде жұмыс атқарады.

Кеңестің мүшесі болып барлық мемлекеттік аудит органдарының басшылары және төрағасы болып Жоғарғы аудиторлық палатасының төрағасы табылады. Кеңестің қорытынды құжаты болып оның хаттамасы табылады, ал шешімі барлық мемлекеттік аудит органдарына міндетті түрде орындалуға жатады.

Бұл кеңесте мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру бойынша мәселелер және басқа да аталған органдарда туындаған өзекті мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

Бұған қоса әр мемлекеттік аудит органының ішінде мемлекеттік аудит бойынша кеңесі құрылады. Аталған кеңес мемлекеттік аудит органы жүргізген аудиторлық іс-шараның қортындысы, туындаған мәселелер, аталған органның қаржы-экономикалық бағытындағы туындаған жалпы мәселелер және тағы басқа мәселелер бойынша өтеді. Кеңес төрағасы болып аталған органның басшысы және мүшелері болып барлық құрылымдық бөлімшелер мен ведомствалардың бірінші басшылары табылады.

Мемлекеттік аудитті жүргізу үшін оның рәсімдік негіздері болады. Ол өзара байланыста бірнеше кезеңдерден тұрады:

Сурет 10. Аудит жүргізу кезеңдері

Жоспарлау. Мемлекеттік аудитті жүргізуге негіз болып тиісті мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітіліген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі болып табылады. Жоспарлау – мемлекеттік аудит объектілерінің тізімін қалыптастырып, тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде тәуекелі жоғары объектілерді



таңдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл рәсім барысында жиынтықтылық, үздіксіздік және объективтілік қағидалары сақталынуы керек. Соның негізінде тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілер тізбесі қалыптастырылып, бірінші басшыға бекітілуге ұсынылады. Тізбеде объектінің атауы, аудиттің түрі, типі, қамтылу кезеңі, қамтылатын қаражат көлемі, аудит жүргізуге жауапты орган көрсетілуі керек.

Жүргізу. Мемлекеттік аудиттің өзін жүргізу 3 кезеңнен тұрады, олар:

- дайындық;
- негізгі;
- қортынды.


Дайындық кезеңінде мемлекеттік аудиторлар жүргізілетін аудит объектісінде алдын-ала зерделеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл рәсім барысында аудит объектісінен оның қызметіне қатысты тиісті құжаттар алынып, зерделеніледі. Бұдан әрі мемлекеттік аудиттің жоспары, бағдарламасы, аудитордың тапсырмасы әзірленіп, бекітіледі. Бұл құжаттарда аудит жүргізу кезеңі, мерзімі, аудитте қаралатын сұрақтар, қажетті ресурстар және тағы басқа сатылар қалыптастырылады. Бұдан әрі аудит жүргізу туралы бұйрық шығарылып, келесі кезеңге дайындық басталады.

Негізгі кезеңде аудит объектісінде мемлекеттік аудит жүргізіледі. Аудит объектісінің қызметі тексеріліп, аудиторлық есеп толтырылады. Аталған құжатқа аудит барысында қаралған сұрақтарға жауаптар, анықталған бұзушылықтар енгізіледі.

Бұл ретте барлық анықталған бұзушылықтарды, жіберілген кемшіліктерді, жасалмаған жұмыстарды, көрсетілмеген қызметтерді, жетіспеушіліктерді аудиторлық есепте көрсету үшін оларға аудиторлық дәлелдемелер болуы керек.

Қортынды. Аталған кезеңде жасалған аудиторлық есеп негізінде мемлекеттік органның басшысына есеп дайындалып, ұсынылады. Аталған есеп бойынша бірінші басшы тиісті шешім қабылдап, ұсынымдар береді. Қабылданған шешім аудит объектісіне орындауға жолданады.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттар:



Осы орайда, қорытынды кезеңде жоғарыда айтылған қаржылық бақылаудың ден қою шаралары жүргізіледі. Бұл ретте әкімшілік бұзушылық

анықталған жағдайда құжаттар аудиторлық дәлелдемелерімен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілеттік берілген органдарға беріледі. Ал қылмыстық құқықбұзушылық белгілері анықталған жағдайда тиісті дәлелдемелерімен бірге құжаттары қылмыстық іс қозғау, тергеу амалдарын жүргізу жөніндегі құзырлы органдарға жолданады [28].

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша қабылданған құжаттар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бірыңғай дерекқорына жолданылады. Аталған дерекқор Жоғарғы аудиторлық палатасының ақпараттық жүйесінде орналасқан.

Мемлекеттік аудитті тек мемлекеттік аудитор сертификаты бар мемлекеттік қызметкер жүзеге асырады. Қазіргі таңда еліміздің мемлекеттік аудит саласында мемлекеттік сертификаты бар шамамен 1790 қызметкер жұмыс атқарады, соның ішінде сыртқы аудит саласында 784 қызметкер болса, 1006 қызметкер ішкі аудит саласының мамандары [29].

Мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік аудит сертификатын алуы Заңның нормаларымен қарастырылған. Өз кезегінде сертификатты иелену бірнеше кезеңнен тұрады, ол:

- аудит типтері бойынша оқыту кезеңі;
- тестілеу кезеңі;
- әгімелесуден өту кезеңі.

Осы кезеңдерді өткен әкімшілік мемлекеттік қызметкер мемлекеттік аудитор сертификатына ие болады. Ол маманның аудит саласында қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Евразия ұлттық университеті құрамында мемлекеттік қызметкерлерді даярлайтын арнайы факультет жұмыс жасайды.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылы барысындағы мәселелер

Мемлекеттік аудит Заңы (бұдан әрі - Заң) әр мемлекеттік аудит органының құзыретін қарастырған. Олар мемлекеттік аудиттің түріне, типіне, көрсеткіштеріне қарай бөлінген. Әр мемлекеттік аудит органы өз құзыретіне қарай ішкі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметін атқарады.

Бұл ретте, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау заңы және оның нормалары жалпы мемлекеттік аудиттің іс-шараларын жүргізуде барлық мемлекеттік аудит органдарына ортақ болғандықтан, әр мемлекеттік аудит органдарының арасында өзара іс-қимылы болуы керек. Бұл туралы тиісті нормалар аталған Заңда қарастырылса, осы Заңға сәйкес өзара іс-қимылды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер де бар. Олар келесі:

- «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану», «Есептілік», «Сапаны бақылау» стандарттары;
- Заңның 17 бабында қарастырылған аудиттің «бірлескен», «қатар» тексерулері;
- Заңның 46 бабында қарастырылған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы норма;
- ЖАП-тың нормативтік қаулысымен және Қаржы министрлігінің бұйрығымен бірлесіп бекіткен Мемлекеттік аудит органдары арасындағы өзара іс-қимыл қағидалары.

Аталған нормалар аудит органдарының өзара іс-қимылын реттеу тетіктері болып саналады. Бұл тетіктер әр мемлекеттік аудит органының басқа мемлекеттік аудит органымен байланысының ара-жігін айқын көрсетіп берген. Осы орайда осындай тетіктің бірі болып табылатын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жалпы стандарттарының ішіндегі өзара іс-қимылды көрсететін «мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану», «есептілік» және «сапаны бақылау» стандарттары.

Аудит нәтижелерін өзара тану стандарты – Заңға сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың негізгі принципінің бірі болып табылады. Ол Заңның 6-бабында нақты көрсетілген.

Бұл стандарт аудит органдарымен жүргізілген тексерулердің мемлекеттік аудиттің нәтижелерін тану болып саналады. Бұл бір орган мемлекеттік аудит жүргізер алдында алдын-ала резделеу жүргізу нәтижесі бойынша басқа мемлекеттік аудит органы осы сұрақтармен және мерзімге аудит жүргізген болса, аталған орган осыған дейін жүргізілген аудиттің нәтижесін назарға алып, жоспарлы тексеруін тоқтатуы керек немесе қайталанатын сұрақтар мен мерзімді өз жоспар/бағдарламасынан алып тастауы тиіс. Алайда осыған дейін жүргізілген аудиттің нәтижесі сапа бақылауынан өтіп, барлық стандарттарға сәйкес келуі керек.

Есептілік стандарты – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметі туралы ақпаратты пайдаланушыларға, соның ішінде мемлекеттік органдар мен халыққа беруге бағытталған. Ол жоғары тұрған органдар мен қоғамға өз функцияларын орындау және заңға сәйкес нәтижелерге қол жеткізу туралы ақпаратты жан-жақты және сенімді ұсынуды талап етеді. Бұл ретте, стандарт деректердің құпиялылығын және есептілік пен аудиттің, есептілікті басқарудың тиімді тәжірибесін талап етеді.

Аталған стандарт бойынша мемлекеттік аудит органдары жүргізілген мемлекеттік аудит қортындылары бойынша жасалған есепті бір-біріне жолдау арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Сапаны бақылау стандарты – аудит органдары қызметінің белгіленген стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған. Аудит органдардың басшылары ұсынылған құжаттардың стандарттарға сәйкестігіне жауапты. Сапаны бақылау мемлекеттік аудит жұмысының барлық кезеңдерін қамтиды және оны нақты аудит пен бақылауға қатыспаған мемлекеттік аудиторлар жүзеге асырады. Бақылау мен мониторинг тәжірибесі мен өкілеттігі бар білікті мамандарға жүктеледі [30].

Бұдан әрі өзара іс-қимылдың Заңда қарастырылған тағы бір нормасы – ол мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бірлескен және қатар тексерулері. Бұл Заңға сәйкес мемлекеттік аудит жүргізгендегі тексерулердің түрлеріне жатады. Олардың түрлері үшеу:

Сурет 11. Тексеру түрлері



1. үстеме тексеру – аудит жүргізіліп жатқан объектідегі негізгі мәселе аясында қосымша сұрақтар туындағанда, оның толық жағдайын қарастырып, соңғы нәтижесін анықтау мақсатында үшінші аудит объектісінде жүргізілетін тексеру түрі;

2. қатар тексеру – жүргізілетін тексеру мәселелері мен мерзімдері бір, кейін тексеру қортындысымен алмаса алатын аудит органдары жеке өздері жүргізетін тексеру;

3. бірлескен тексеру – барлық мемлекеттік аудит органдарының бір топта жүргізетін, сонымен қатар жүргізілетін тексерудің жоспары, бағдарламасы мен жүргізу кезеңі ортақ болатын, бұған қоса тексеру қортындысы бойынша ортақ бірыңғай құжат қабылданатын тексеру.

Бұдан әрі Заңның 46 бабында Жоғарғы аудиторлық палатасының (бұдан әрі - ЖАП) басқа мемлекеттік аудит органдарымен өзара іс-қимылы қарастырылған [28].

Сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы құқық қолдану тәжірибесін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтау мәселелерін қарастыру мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі құрылады (бұдан әрі – Үйлестіру кеңес). Үйлестіру кеңесінің құрылуы мен қызметінің ұйымдастырылуы ЖАП бекіткен Үйлестіру кеңесінің ережесімен айқындалған. Аталған құжат ЖАП-тың нормативтік қаулысымен бекітілген.

Ережеге сәйкес кеңестің мақсаты - мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін үйлестіруге, олардың тиімді өзара іс-қимылын және стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ қаржылық тәртіпті, аудиторлық органдардың ашықтығы мен тәуелсіздігін нығайтуға ұмтылуды талап етеді. Ол үшін бірнеше міндеттер қойылған:

1. Ұсыныстарды әзірлеу – аудит саласындағы нормаларды, аудит жүргізудегі талдамалық негіздерді жетілдіру, сонымен қатар аталған саладағы органдардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттырады;

2. Өзекті мәселелер бойынша аудит органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3. Аудит жүргізуде және оны жетілдіруде идеялар мен тәжірибемен алмасу;

4. Аудит саласындағы, соның ішінде Үйлестіру кеңесі ұсыныс бергеннен кейін әзірленіп, қабылданған әдістемелік құжаттарды мақұлдайды;

5. Бірлескен, қатар жүргізген аудиторлық іс-шараларды жүргізуде, мемлекеттік аудиторлардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, сақтау бойынша, аудит органдарының қызметіне заңсыз араласуға жол бермеу бойынша көмек көрсету.

Осы міндеттерді орындау аясында Үйлестіру кеңесі мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, ақпаратты сұратады, ұсынымдар әзірлейді және мемлекеттік аудит органдарының тәуелсіздігін бұзу фактілері туралы ақпарат береді. Сондай-ақ ғылыми-тәжірибелік іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесіп, мемлекеттік орган өкілдерін кездесулерге шақырады.

Бұл өз кезегінде барлық аудит органдарының тығыз жұмыс атқаруына өз әсерін береді. Үйлестіру кеңесінде талқыланған мәселелер жоғарыда көрсетілген міндеттер арқылы жүзеге асырылады.

Сурет 12. Үйлестіру кеңесінің құрамы



Жалпы кеңестің құрамы ЖАП төрағасы мен үш мүшесінен, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның екі өкілінен (ІМАК), облыстардың тексеру комиссияларының (ТК) төрағаларынан және орталық мемлекеттік орган мен жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметтерінің (ІАҚ) екі өкілінен тұрады. ЖАП төрағасы Үйлестіру кеңесінің төрағасы болып саналады (Сурет 12).

Бұл құрам ЖАП төрағасымен бекітіледі және екі жыл сайын ауысып отырады.

Үйлестіру кеңесінің жұмыс тобы болып ЖАП-тың аппараты саналады. Кеңестің ұйымдастыру жұмысын хатшы жүргізеді. Кеңес отырысы дәстүрлі түрде және көшпелі өтуі мүмкін. Оның қортындысы бойынша хаттама бекітіледі және хаттамада берілген ұсыныстар мен шешімдер мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үшін міндетті түрде орындауға жатады, сонымен қатар оның орындалуы үшін жауапкершілік алады [31].

Бұдан басқа Жоғарғы аудиторлық палатасының басқа мемлекеттік аудит органдарымен өзара іс-қимылының жүзеге асуының тағы бір нормасы Заңның осы 46 бабының 3 тармағымен жүзеге асырылған, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылын реттейтін негізгі құжат болып саналатын – ЖАП-тың нормативтік қаулысымен және Қаржы министрлігінің бұйрығымен бірлесіп бекіткен Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл қағидасы).

Аталған Өзара іс-қимыл қағидасы ЖАП, ІМАК және оның аумақтық бөлімшелерінің, облыстардың тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру, мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу, қатар және бірлескен тексерудің нәтижелерін ресімдеу мен материалдарын іске асыруды қамтиды және жұмыстарының көрсеткіштері туралы ақпаратты дайындау мәселелері бойынша өзара іс-қимылы кезінде қолданылады. Сонымен қатар Өзара іс-қимыл қағидасы жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қортындысы бойынша ұсынылатын ақпараттардың ұсыну тетіктері мен аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша жұмыс көрсеткіштері туралы ақпаратты қалыптастыру кезіндегі мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылын қамтиды.

Аталған құжатқа сәйкес бірінші кезекте ЖАП өзінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекітіп, ІМАК және

облыстардың тексеру комиссияларына жолдайды. Осы орайда тізбені жоспарлаудың келесі процесі жүргізіледі:

1. ІМАК өзінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін ДАП-тың мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін назарға ала отырып бекітеді. Бұл ретте ІМАК бекіткен тізбесінде ЖАП-тың тізбесіндегі мемлекеттік аудит объектілері болмауы тиіс;

2. Тексеру комиссиялары өздерінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін жоспарлап, ІМАК аумақтық бөлімшелеріне және министрліктер мен әкімдіктерге жолдайды. Сәйкесінше аумақтық бөлімшелер өздерінің мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекіту барысында тексеру комиссияларының тізбесін назарға ала отырып бекітеді және ол тізбеде тексеру комиссияларының тізбесіндегі объектілер болмауы керек;

3. Орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері (ОМО ІАҚ) мен жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметтері (ЖАО ІАҚ) өзінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілер тізбесін ІМАК тізбесін назарға ала отырып бекітеді. Сәйкесінше ОМО ІАҚ мен ЖАО ІАҚ-тің тізбесінде ІМАК пен оның аумақтық бөлімшелерінің тізбесінде қарастырылған аудит объектілері болмауы тиіс.

Сурет 13. МАО өзара іс-қимылы

Бұл жоспарлау кезеңіндегі өзара іс-қимыл өз кезегінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүргізетін жоспарлы аудиторлық іс-шаралары кезінде қайталану тексерулер болдырмау мақсатында қарастырылған талаптар [32].

Осы орайда барлық қарастырылған және жеке қабылданған нормаларға қарамастан мемлекеттік аудит жүйесінің ішінде өзара іс-қимыл барысында бірқатар кемшіліктер орын алып, өзекті мәселелер туындап жатады.

Сол себепті мен негізгі өзекті 3 мәселені атап өткім келіп отыр.

1. «Аудит нәтижелерін өзара тану» стандартының мемлекеттік аудит органдарының барлығына таратылмауы. Аталған стандарт сыртқы мемлекеттік аудит органдары мен ішкі аудит органдарының ішіндегі тек ІМАК мен оның аймақтық департаменттеріне ғана тиесілі. Ал ОМО мен ЖАО ішкі аудит қызметтеріне таратылмайды. Алайда қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік аудит жүйесіне кіретін барлық органдар қарастырылған талаптарды ортақ ұстанады және жауапкершілік те барлығына бірдей қарастырылған.



Мен аталған магистрлық жоба аясында жарияланған өзімнің ғылыми мақаламда осы мәселеге қатысты мысал келтірген болатынымын.

Мысалы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ішкі аудит департаменті өзінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит тізіміне сәйкес мәдениет объектілерін тексеру керек болып, іс-шараны жүзеге асырған болатын. Алайда араға бір-екі ай салып сол мекемелерге ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның жергілікті жерлердегі департаменті ұқсас аудит типі бойынша тағы аудит жүргізген. Мысал төменгі кестеде келтірілген.

Кесте 1. Жүргізілген аудит бойынша салыстырмалы ақпарат
(Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)

№	Аудит объектісінің атауы	Аудит жүргізген орган		Аудит жүргізілген мерзім
		ОМО Ішкі аудит қызметі жүргізген аудит типі	ІМАК Алматы қ. бойынша департаменті жүргізген аудит типі	
1	Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы	Сәйкестік, тиімділік аудиті	Сәйкестік аудиті	2023 жыл
2	Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі	Сәйкестік, тиімділік аудиті	Сәйкестік аудиті	2023 жыл
3	Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры	Сәйкестік, тиімділік аудиті	Сәйкестік аудиті	2023 жыл

Аталған аудиторлық іс-шаралардың қортындысы бойынша жасалған аудиторлық есептерді талдау барысында келесі жағдайлар анықталды:

ІМАК аталған объектілерде аудит жүргізу барысында 15 аса сұрақты қамтыған, ал орталық мемлекеттік органның ішкі аудит қызметі 12 сұрақты қамтыған. Осы екі органның қамтыған сұрақтарын салыстыру барысында қайталанатын келесі 7 сұрақ анықталды;

- 1) объектінің даму жоспарын талдау, бағалау және оның орындалуы;
- 2) жалақының есептелуі;
- 3) іссапар шығындары;
- 4) дебиторлық және кредиторлық берешек;
- 5) ұзақ мерзімді активтер мен қосалқы құралдарды есептен шығару;
- 6) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік;
- 7) мемлекеттік сатып алу

Байқазғанымыздай қамтылған сұрақтардың ішінде қайталанып тұрған сұрақтардың барлығы аудит объектісінің негізгі қызметін анықтайтын бағыттар [33].

Өкінішке орай, осы аталған мәселеге байланысты мемлекеттік аудит органдары арасында бір мекеме аясында бірнеше тексеру органдарымен бір

жылда қайталау тексерулер жүргізілу фактілері орын алуда. Әрине ол органдар тексеру кезеңін қайталамауы мүмкін, бірақ жоспар/бағдарламаға сәйкес тексеру аясындағы қамтылған сұрақтар жиі қайталанатын. Осы орайда зерделенген өзекті мәселенің келесісі – бір аудит объектісі аясындағы толассыз тексерулер.

2. «Бір аудит объектісі аясындағы толассыз тексерулер». Бір аудит объектісінде бірнеше тексерудің болуының басты себебі ол – мемлекеттік аудит органдары өзінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектісін қате әзірлеп, бекітуден басталады. Жоспарлау барысындағы өзара іс-қимылда бірыңғай дерекқор (дерекқор базасы) мен тәуекелдерді басқару жүйесі (сыртқы және ішкі аудит органдарының жекелеп бекіткен методикалық құжат) қолданылады[34, 35].

Алайда бұл ақпараттық база басқа орталықтандырылған мемлекеттік, үкіметтік ақпараттық базалармен жүйеленбеген. Сол себепті мемлекеттік аудиттің жылдық тізбесін жоспарлау процесі бірыңғай дерекқорға сүйене алмайды, бұған қоса аталған базаға барлық мемлекеттік аудит органдарының қолжетімділігі жоқ.

Ал методикалық құжаттағы тәуелділікті анықтау формулалары қайта қарастыруды талап етеді. Себебі ОМО өз тізбесіне енгізген тәуекелділігі жоғары аудит объектілері ІМАК мен оның аймақтық департаменттерінде де қарастырылуы мүмкін. Бұл бір аудит объектісінде бірнеше тексерудің жүргізілуіне алып келеді.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ішкі аудит департаменті (бұдан әрі - Министрлік) өзінің 2023 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) әзірлеп бекітті. Тізбеге сәйкес мемлекеттік аудит жүргізу 23 мекемеде қарастырылған. Аудиттің жүргізу типі – сәйкестік және тиімділік аудиті. Қамтылатын кезең 2020-2023 жылдар аралығы. Бұл ретте әрине аталған министрлік өз Тізбесін жоғарыда айтып өткен өзара іс-қимыл қағидасының талаптарын сақтап ІМАК және оның аймақтық департаменттерінің тізбесін назарға ала отырып бекітті. Сәйкесінше Министрліктің бекіткен Тізбесінде ІМАК және оның аймақтық департаменттерінің тізбесіндегі аудит объектілері жоқ.

Алайда 2023 жылы Министрлікпен аталған 23 мекемеде мемлекеттік аудит шараларын жүргізу алдындағы алдын-ала зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында Министрліктің 7 аудит объектісінің ІМАК және оның аймақтық департаменттерінің тізбесінде бары анықталды. Себебі Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Алматы қ. ІМАД) аталған 7 аудит объектісін 2022 жылы ресурстардың тапшылығына байланысты уақытша тоқтатқан объектілерін 2023 жылы қайтадан жалғастыру туралы бірінші басшысының бұйрығы негіз болған.

Осы орайдағы туындаған мәселе аталған мемлекеттік аудит органы (Алматы қ. ІМАД) ОМО (Министрлік) Тізбесін назарға алмай өз бетінше шешім қабылдап, ОМО қызметіне кедергі келтірді. Осы орайда аталған

жағдайда Министрлік өз Тізбесіндегі тексеру кезеңін өзгертуге мәжбүр болды [36].

Осы орайда тексеру объектісінде бірнеше тексерудің орын алуына байланысты мемлекеттік аудитте тағы бір өзекті мәселесі орын алады.

3. «Жемқорлық тәуекелділігі». Бұл ретте атап өткендей аудит объектісі толассыз тексерулердің салмағын жеңілдету, аудиттің нәтижесіне ықпал ету мақсатында жемқорлық қадамына жол беруі ықтимал. Бұндай қадамның фактілері бойынша аудиторларға қатысты көптеген қылмыстық істер қозғалғаны бар. Ол жерде аудиторлардың бюджеттік жымқыруды, ұрлауды жасыруы, пара алу, сыбайлас сияқты қадамдарға жол бергені үшін жауапкершіліктерге тартылғандар.

Бұл фактілер мемлекеттік аудит жүйесінің дамуына өзінің кері әсерін тигізеді.

Өз кезегінде орын алып отырған толассыз тексерулер, «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандарты мен принципінің барлық аудит органдарына таралмауы, жемқорлық тәуекелділік – жиынтықта Заңда қарастырылған мемлекеттік аудит органдарының құзыреттілігіндегі функциялардың қайталануы салдарынан болып отыр.

Себебі әр органдардың құзыреттілігі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесіндегі типтерге сәйкес бөлінген. Аталған типтер негізінде мемлекеттік аудит органдарының тізбесіндегі аудит объектілері айқындалады. Бұл ретте мемлекеттік аудит органдарымен бір аудит объектісіне типтердің әртүрлілігіне байланысты бірнеше рет тексеру жүргізу практикасы қалыптасқан (жоғарыда көрсеткен мысалдағыдай).

Қорыта келе мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылының қазіргі жағдайы, осы механизмдегі бірқатар мәселелерді ескере келе жаңа механизмді әзірлеудің немесе қолданыстағыға түйткілді өзгерістер енгізуді талап ететінін көрсетіп отыр.

Жалпы мемлекеттік аудит жүйесінде орын алып отырған бұл 3 мәселе жалпы мемлекеттік басқару жүйесіндегі стратегиялық, ұлттық ресурстардың заңды және тиімді басқарылуына және бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына өзінің кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сол себепті қолданыстағы Заңға функционалдық талдау жүргізу талап етіледі және қайталану функцияларын қайта бөлу мүмкіндігін қарастыру керек. Осы орайда магистрлық жоба аясында қоладындағы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Заңында қарастырылған мемлекеттік аудит органдарының функцияларына талдау жүргізілді. Сонымен қатар талдау нәтижесі бойынша жасалған қортынды негізінде мемлекеттік аудиторлар арасында сауалнама жасалынып, мемлекеттік аудит саласында көп жыл еңбек етіп жүрген сарапшылардан сұхбат алынды.

Өз кезегінде бұл әдістер, жасалған теориялық талдаудың нәтижесіне практикалық негіз ретінде қолданылды.

1.2 Қайталану функцияларын талдау және бағалау

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының функциялары (құзыреті) Заңда жекелеген баптармен қарастырылған. Бұл ретте құзыреттер мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау типтері бойынша таратылған.

Мемлекеттік аудиттің 3 типі бар, олар:

Сурет 14. Аудиттің типтері



Сәйкестік аудиті – аудит объектісінің заңнама талаптарына және оларды іске асыру үшін шығарылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілеріне сәйкестігін талдау және тексеру;

Тиімділік аудиті – Тиімділік, үнемділік, өнімділік және тиімділік критерийлері бойынша мемлекеттік аудит объектісінің қызметін талдау және бағалау;

Қаржылық есептілік аудиті – бұл мемлекеттік аудит субъектісінің қаржылық есептілігінің дұрыстығын, негізділігін, бухгалтерлік және қаржылық жағдайын тексеру (Сурет 14).


Мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылының тиімді жүргізілуі бойынша олардың функцияларына талдау жүргізілді. Талдау – қолданыстағы заңнамада көрсетілген мемлекеттік аудит органдарының құзыреттеріне өзара салыстырмалы әдіспен жасалды. Бұл ретте мемлекеттік аудит жүйесіндегі оның аудит түріне кіретін мемлекеттік аудит органдар жеке қарастырылды.

1. Заңға сәйкес Жоғарғы аудиторлық палатасының (бұдан әрі - ЖАП) функциясы аталған құжаттың 12-бабында қарастырылған және оған 53 құзырет кіреді. Оның ішінде тікелей мемлекеттік аудит іс-шарасын жүргізу бойынша: тиімділік аудит бойынша 14 құзырет, сәйкестік аудиті бойынша 9 құзырет және қаржылық есептілік аудиті бойынша 2 құзырет кіреді. Бұл ретте көрсетіліп отырған құзыреттер республикалық бюджет деңгейінде бөлінген қаражатты тексеруге бағытталған құзыреттер. Бұған қоса методикалық көмек көрсету, заңнамалық актілердің әзірленуіне қатысу, Президенттің, Парламенттің тапсырмалары бойынша басқа іс-шаралар жүргізу сияқты 28 қосымша құзыреті қарастырылған.

2. Заң бойынша Тексеру комиссияларының функциясына 26 құзырет кіреді, соның ішінде аудиторлық іс-шараға қатысты: тиімділік аудит бойынша 12 құзырет, сәйкестік аудиті бойынша 5 құзырет және қаржылық есептілік аудиті бойынша 2 құзырет кіреді. Аталған құзыреттер жергілікті бюджеттерді (облыстық, аудандық) тексеруге қарастырылған құзыреттер. Сонымен қатар тексеру комиссиялары өзінің әкімшілік-аймақтық бірлігі аясындағы өзіне кіретін міндеттер мен ЖАП-тың берген тапсырмаларын орындау бойынша қосымша тағы 7 құзырет атқарады.

Аталған екі орган мемлекеттік аудит жүйесінің сыртқы мемлекеттік аудиті болып саналады және олар елдің ақша, табиғи сияқты ресурстарын, өндірістік мүмкіндіктерді, кадрлар және ақпарат сияқты әртүрлі ресурстарды тиімді және заңды түрде басқару процесін жүзеге асырады. Мақсаты азаматтардың өмір сапасы мен ұлттық қауіпсіздіктің серпінді өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Сол себепті құзыреттері бойынша тиімділік аудитіне басымдылық берілгені байқалады.

Сурет 15. МАО функциялары



3. Ішкі мемлекеттік аудиттің уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің (бұдан әрі - ІМАК) функциясы Заңның 14-бабында қарастырылған. Оның функциясына 24 құзырет кіреді, оның ішінде сәйкестік аудиті бойынша 5 құзырет, қаржылық есептілік бойынша 1 құзырет. Бұдан басқа ІМАК ішкі мемлекеттік аудиттің уәкілетті органы ретінде өз құзыреті шегінде ішкі аудит

қызметтерін үйлестіру бойынша, оларға методикалық көмек көрсету бойынша, мемлекеттік сатып алудың камералдық бақылауы бойынша, мемлекеттік аудитке қатысты әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің процесіне қатысу сияқты басқа да қосымша 18 құзыретті атқарады (Сурет 15).

Байқалатындай ІМАК тиімділік аудитін жүргізбейді.

4. Бұдан әрі Заңның 15 бабында ішкі аудит қызметтерінің функциялары қарастырылған. Ішкі аудит қызметтеріне орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аймақтардағы полиция департаменттерінің ішкі аудит қызметтері жатады. Ішкі аудит қызметтері мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады және сол органның бірінші басшысына бағынады.

Ішкі аудит қызметтерінде 15 функция қарастырылған, оның ішінде тиімділік аудиті бойынша 3 құзырет, сәйкестік аудиті бойынша 4 құзырет қарастырылған. Бұдан басқа мемлекеттік органның ішкі бизнес-процестері, өзара байланысы бойынша қосымша тағы 8 құзырет қарастырылған.

Кесте 2. МАО функциялардың бөлінісі

(Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)


Мемлекеттік орган атауы	Типтер бойынша				
	Сәйкестік	Тиімділік	Қаржылық есептілік	Басқа құзыреттер	Барлығы
ЖАП	9	14	2	28	53
ІМАК	5		1	18	24

Тексеру комиссиялары	5	12	2	7	26
ОМО/ЖАО ІАҚ	4	3	0	8	15

(Кесте 2 жалғасы)

Осы орайда жоғарыда аталған талдау барысында, бұған қоса әр мемлекеттік аудит органдарының функциялары бір-бірімен салыстырылып, қайталанылатын функциялар зерделенді. Нәтижесінде барлық мемлекеттік аудит органдары арасында бір-бірінің функциясын қайталайтын жалпы 7 құзырет анықталды. Олар:

Сурет 16. Мемлекеттік аудит органдарының қайталану функциялары
(Ескертпе-дереккөздер негізінде автормен құрастырылған)



Бұл қайталанатын функциялар барлық мемлекеттік аудит органдарының арасында байқалады. Мысалы «Қаржылық есептілік аудиті» функциясы ЖАП, тексеру комиссиялары мен ІМАК арасында қайталанып отырса, «Тиімділік аудиті» ЖАП, тексеру комиссиялары мен ОМО, ЖАО Ішкі аудит қызметтері арасында қайталады. Ал «Сәйкестік аудиті» функциясы аталған мемлекеттік аудит органдарының барлығында қарастырылған.

Сонымен қатар аталған үш тип бойынша тағы келесі функциялар мемлекеттік аудит органдарының арасында қайталанатыны байқалады.

Атап айтсақ, «Республикалық/жергілікті бюджеттің орындалуы мен мемлекеттік активтерді пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын жүзеге асырылуы» функциясы ЖАП мен тексеру комиссияларында қарастырылса, ұқсас «Бюджет шығыстарымен өзара байланыста мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының және аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуін талдау» функциясы ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтерінде қарастырылған. Аталған функциялардың жүргізілуінің айырмашылығы тек ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтері өздерінің мемлекеттік органдарының ғана мемлекеттік жоспарлау құжатына аудит

жүргізеді. Ал ЖАП пен тексеру комиссиялары аталған құжаттар бойынша барлық мемлекеттік органдарға аудит жүргізеді.

Сонымен қатар «Байланысты гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды және мемлекет активтерін пайдаланудың...» функциясын ЖАП пен тексеру комиссиялары жүзеге асырса, ұқсас «Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың және кредиттердің, байланысты гранттардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың пайдаланылуына, басқа тапсырмалар бойынша мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына...» функциясын ІМАК жүзеге асырады. Бұл ретте аталған функциялар мемлекет басшысының, Парламенттің тапсырмасымен болуы да мүмкін.

Бұдан басқа ІМАК «Техникалық-экономикалық негіздемені, қаржылық-экономикалық негіздемені және бюджеттік инвестициялардың сметалық құнын түзетуге байланысты шығыстарға» аудит жүргізу функциясын жүзеге асырса, қаржы-экономикалық негіздеме бойынша ЖАП пен тексеру комиссияларында ұқсас «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген республикалық/жергілікті бюджет қаражатын қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкес пайдалануына» функциясы қарастырылған.

Бұған қоса талдау барысында қайталанатын тағы бір функция ол - ЖАП пен ІМАК арасындағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, мемлекеттік кепілдіктердің және мемлекет кепілгерліктерінің атқарылуын қаржыландыруға, сондай-ақ олардың пайдаланылуына» жүргізілетін аудит. Бұл функциялар мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында бөлінген қаржының орындалуына жүргізілетін аудиттер.


Аталған қайталанатын функциялар жоғарыда көрсеткен «сәйкестік» «тиімділік» аудиттер аясында жүргізіледі. Типтеріне қарай әртүрлі болғанымен, жүргізілетін қарастырылатын, сұрақтар функцияның атауына қарай біркелкі [28].

Мемлекеттік аудит органының атауымен толық талдау жасалған салыстырмалы кесте қосымшада тіркелген (Қосымша 1).

Зерттеудің жұмысымыздың тағы бір әдісі ретінде сауалнама жасалды. Сауалнама мемлекеттік аудит органдарының қызметкерлері арасында жүргізілді. Сауалнама мемлекеттік аудит органдарының функциясы дұрыс бөлінген бе, қайталану бар ма, оларды қайта қарастыру қажет пе, қажет болған жағдайда нені өзгерту керек деген сияқты сұрақтар қамтылды. Сонымен қатар жоғарыда талданып кеткен қайталану функцияларын, әрқайсысын қандай мемлекеттік аудит органына жатқызар едіңіз деген сұрақтармен жалғастырылды.

Сурет 17.

1. Сіздің мемлекеттік органыңыз қай өңірден/Из какого региона ваш государственный орган?
130 ответов




Шығыс-Қазақстан облыстарынан белсенділік танытқан (Сурет 17).

Сурет 18.

Мемлекеттік аудит түріне қарай сыртқы аудит өкілдерінің қатысуы, яғни ЖАП пен тексеру комиссиялары 56,9% құраса, ішкі аудит өкілдерінің қатысуы, яғни ІМАК мен оның аймақтық

департаменттері және ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтері 43,1% құрады. Жалпы қатысу теңгерімділік бірдей екенін көрсетіп тұр (Сурет 18).

2. Мемлекеттік аудиттің қай түріне жатасыз/Какому виду гос. аудита относитесь?
130 ответов



Сурет 19.

3. Сіз қай мемлекеттік аудит органынансыз/Из какого вы органа государственного аудита?
130 ответов



Мемлекеттік аудит органы арасында белсенділік көрсеткен тексеру комиссиялары, одан әрі ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтері, ЖАП пен ІМАК пен оның аймақтық департаменттері өз пікірлерін білдірген (Сурет 19).

Сурет 20.

Мемлекеттік аудит органдары арасындағы функциялардың дұрыс бөлінген ба деген сұраққа 99 респондент немесе 76,2% «ия» деп жауап берсе, 25 респондент немесе 19,8% «жоқ» деп жауап берген. Бұдан басқа «функционалдық талдау қажет», «Ішкі аудит қызметтердің қажеті жоқ», «әлемдік тәжірибе бойынша ЖАП пен ІМАК ғана болу керек», «ЖАП пен Ішкі аудит қызметтері болу керек» деген әртүрлі пікірлер білдірілген (Сурет 20).

4. Мемлекеттік аудит органдары арасындағы функциялар дұрыс бөлінген ба/Правильно ли распределены функций между органами государственного аудита?
130 ответов



Сурет 21.

5. Мемлекеттік аудит органдары арасында қайталанулар бар ма/Имеется ли дублирование между органами госаудита?
130 ответов



аудит қызметтерінің қызметі бір», «ІМАК тиімділік аудитін жүргізу құзыреті болмай тұра сапа бақылауын жүргізе алмайды» деген әртүрлі пікірлер білдірген (Сурет 21).

Мемлекеттік аудит органдары арасында қайталану бар ма деген сұраққа 51 респондент немесе 39,2% «ия» деп жауап берсе, 74 респондент немесе 56,9% «жоқ» деп жауап берген. Қалған респондент «кейбір сұрақтар бойынша», «функционалдық талдау қажет», «тесеру комиссиялары мен ішкі


Сурет 22.

Функцияларды қайта қарастыру туралы сұраққа 65 респондент (50%) «ия» деп, 63 респондент (48,5%) «жоқ» деп, 1 респондент «функционалдық талдау қажет» деп жауап берген (Сурет 22).

6. Мемлекеттік аудит органдарының функцияларын қайта қарастыру қажеттілігі бар ма/Имеется ли необходимость пересмотреть функции органов гос. аудита?
130 ответов



Сурет 23.



Аталған диаграмма бойынша функцияларды қайта қарастырудың себептерін байқауға болады. Бұл ретте себептердің басым бөлігі болып келесі атап өтуге болады:

- 74 респондент (56,9%) аудит объектісінде тексерулердің қайталанбауы үшін дейді;
- 51 респондент (39,2%) ұқсас функциялардың көптігін айтады;
- 9 респондент (6,9%) жемқорлық тәуекелділікке әкелуі мүмкін деп жауап берген.

Жалпы 24 респондент (18,7%) өзгертудің қажеті жоқ десе, қалған респонденттер әртүрлі пікірлер білдірген (Сурет 23).

Сурет 24.

8. Егер жоқ болса, не үшін/Если нет, тогда почему?
100 ответов



Ал функцияларды қарастырудың қажеті жоқ деген себептерге 21 респондент (21%) қосымша рәсімдік жұмыстар, 26 респондент (26%) жауап беруге қиналған, 46 респондент (46%) қажеттілігі жоқ деп жауап берген (Сурет 24).

Жалпы жоғарыда аталған 8 сұрақ бойынша қорытсақ, мемлекеттік аудит органдарының функциялары дұрыс бөлінген, алайда өзара іс-қимылда қайталану функциялары орын алатынын жеткізіп отыр. Функциялардың қайта қарастырылуына респонденттердің 50%-ға жуығы дауыс берген және оның себептері де аталып өткен.


Себептердің басым бөлігі магистрлық жобаның өзектілігі болып саналатын тексерулердің көптігі, жемқорлық тәуекелділіктер, функциялардың қайталануы болып табылады. Осы орайда функциялардың қайта

карастырылуын қажет етпейтін респонденттер саны аз емес, олар кейбіреуі оның себептерін құжаттың рәсімділігіне сілтесе, кейбіреуі өзгертудің мүлде қажеті жоқ деген пікір білдіреді.

Осыған орай сауалнаманың келесі қадамында жоғарыда көрсетілген 7 қайталану функциялары бойынша пікір алынды. Олар бойынша респонденттердің ойлары келесідей.

Сурет 25.

9. «Сәйкестік аудиті» функциясын қай мемлекеттік аудит органының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит соответствия»?
130 ответов



Сурет 26.

10. «Тиімділік аудиті» функциясын қай мемлекеттік аудит органының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит эффективности»?
130 ответов



Сурет 27.

Аталған диаграммаларға жүгінсек «Сәйкестік аудиті» функциясының бөлінуі ЖАП, ИМАК және ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне біркелкі пікір берілген. Әйтсе де басым бөлігі ИМАК мен оның аймақтық департаментінің жүргізгенін қалайтыны байқалады (Сурет 25).

11. «Қаржылық есептілік аудиті» функциясын қай мемлекеттік аудит органының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит финансовой отчетности»?
130 ответов



Ал «Тиімділік аудиті» функциясы бойынша респонденттердің қалауы ЖАП пен тексеру комиссияларының жүзеге асырғанын қалайтыны басым айқын, себебі 130 респонденттің 97-сі немесе 74,6% аталған органдарды таңдаған.


Бұл ретте бұл функцияның аталған мемлекеттік аудит органдарында болуы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Заңына сәйкес елдің қауіпсіздігі мен халықтың тұрмыстық жағдайының қарқынды өсуін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың тиімді, заңды басқарылуын бағалау, талдау тексеру үшін болуы мүмкін. Себебі сыртқы мемлекеттік аудит халықаралық стандарттарға сәйкес осы бағыттағы функцияларды атқаруы тиіс (Сурет 26).

«Қаржылық есептілік аудиті» функциясы ИМАК мен оның аймақтық департаменттерінің құзырында болуын 93 респондент немесе 71,5% қалаған. Ал 31 респондент немесе 23,8% сыртқы мемлекеттік аудит органдарының жүргізуін қалайды (Сурет 27).

Бұл ретте басым респонденттің ІМАК мен оның аймақтық департаменттерінің құзырында болуының себебі ішкі мемлекеттік аудит мемлекеттің жоспарлау жүйесіндегі құжаттарда қарастырылған, көзделген ішкі және түпкі нәтижелерге қол жеткізудің тиімділігін, дұрыстығын тексереді. Осы орайда әр мемлекеттік орган мен квазимемлекеттік субъектілердің активтеріне, есептеріне ішкі талдау жүргізу де осы ішкі мемлекеттік аудит құзырына берілген.

Сурет 28.

12. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыруға аудит» функциясын қай мемлекеттік аудит орғанының стратегические документы более 3-5 лет) 130 ответов



Сурет 29.

13. «Мемлекеттік органның Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыруға аудит» функциясын қай мемлекеттік аудит органының ...осрочные стратегические документы 1 года) 130 ответов



Мемлекеттік аудиттегі мемлекеттік жоспарлау құжаттарының іске асырылуын тексеретін функциялар ЖАП мен тексеру комиссияларында және ОМО мен ЖАО ішкі аудит қызметтерінің функцияларында қарастырылған. Сауалнама бойынша аталған функцияны ұзақмерзімді және қысқамерзімдіге бөліп, респонденттердің пікірін білу мақсаты болған. Нәтижесі бойынша көрініп тұрғандай аталған функцияның ұзақ/қысқамерзімді кезеңіне қарамастан респонденттердің басым бөлігі өз таңдауларын ЖАП мен тексеру комиссияларына берген (Суреттер 28, 29).

Сурет 30.

14. «Технико-экономикалық, қаржы-экономикалық және бюджеттік инвестицияның сметалық құнының өзгеруіне қатысты шығыста...метной стоимости бюджетных инвестиций?» 130 ответов




«ТЭ, ҚЭ мен бюджеттік инвестицияның сметалық құнының өзгеруіне қатысты шығыстарға аудит» функциясы да респонденттердің пікірінше ЖАП пен тексеру комиссияларанда болуы керек делінген (68 респондент). Дегенмен 48

респондент ІМАК және оның аймақтық департаменттері жүзеге асыру керек дейді. Бұл ретте бюджеттік инвестициялардың пайдаланылуының түпкі нәтижесі болуы тиіс, сол себепті оған толық талдау, бағалау жүргізу тексерудің басты қағидасы болуы керек деп есптейміз. Осы орайда сыртқы және ішкі факторларға қарай бұл функцияны аталған екі аудит органдары аудит типтеріне қарай жүргізуге мүмкіндік алып отыр (Сурет 30).

Сурет 31.

15. «Байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерл...ство государства, и активов государства»?
130 ответов



Сурет 32

16. «Республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет...рственных концессионных обязательств»?
130 ответов



Сауалнаманың аяқтайтын аталған екі функцияның жүзеге асырылуын мемлекеттік аудит органдарының респонденттері ЖАП пен тексеру комиссияларына дауыс бергені байқалады. Екі функцияның да аталған органдар жүзеге асыруы керек деген пікірмен респонденттер саны 95-тен асып тұр. Бұл ретте бюджеттік инвестициялар мен нысаналы трансферттердің және мемлекет кепілдік берген қарыздардың сыртқы факторлармен байланысты болуының себебінен респонденттердің пікірі ЖАП-қа басымдылық берілген деп ойлаймыз (Суреттер 31, 32), (17-32 суреттер диаграммалар негізінде автормен құрастырылған).

Жалпы сауалнаманы қорыта келе барлық қайталануы мүмкін деген функциялар бойынша қойылған сұрақтарға респонденттер жалпы дауыстарын ЖАП пен тексеру комиссияларына бергені байқалады. Бұл өз кезегінде жоғарыда байқағанымыздай респонденттердің санының басым бөлігі тексеру комиссияларынан болғаны болуы да мүмкін. Дегенмен сауалнама қортындысы бойынша магистрлық жобадағы өзекті мәселелердің бар екені және оларды шешу үшін функционалдық талдау жүргізіп, ұсыныстар берудің керек екені айқындалды (Қосымша 2).

Магистрлық жобаның өзектілігін одан әрі тану мақсатында сауалнамаға қоса мемлекеттік аудит саласында тиісті еңбек өтілі бар әр деңгейдегі лауазымда қызмет атқарып жүрген сарапшылардың жекелеген пікірін білу үшін сараптамалық сұхбаттар жүргізілді. Сұхбатқа 10 сарапшы қатысып, оларға 14 сұрақ қойылып, оған сарапшылардың жауаптары алынды.

Сұхбат ЖАП, тексеру комиссиясы, ИМАК, ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметінде әртүрлі лауазымды атқарып отырған сарапшылардан алынды.

Сұхбаттың сұрақтарын екі бөлікке бөлуге болады, олар бастапқы 7 сұрақ жалпылама болса, қалған 7 сұрақ қайталануы мүмкін деп анықтаған 7 функцияның нақты қай органға жатқызуы туралы пікір алу бөлімінен тұрды.

Сұхбат қортындысы бойынша матрица жасалынып, сұхбат барысында мемлекеттік аудит жүйесінің қазіргі жағдайы, орын алып жатқан мәселелер, жағымды жақтары мен кемшіліктері, өзара іс-қимылындағы мәселелер және жалпы орын алып жатқан мәселелерді шешу жолдары сияқты параметрлермен жинақтама талдау жасалынды.

Сұхбат қортындысы бойынша матрица

№	Аты-жөні	1.Мемл. аудит жүйесінің жағдайы?	2.Мемл. аудит жүйесінің + -?	3.Мемл. аудит орг өз функц қалай орындауда?	4.Функциялар дұрыс бөлінген ба?	5.Өзара іс-қимылда қандай мәс/р байқайсыз?	6.Қайталану функциялары байқалады ма?	7.Қайт. жою туралы қандай ұсыныс бар?
1	Сарапшы 1	Тиісті жетілдірілмеген, қайталану байқалады	Бюдж. қараж. пайд. артқан, бірақ аудиттің орнына әлі бақылау жүргізілмеген	Өз функциясын заңға сәйкес орындайды	Қайталанулар бар	Кәсіби ойлау әртарапты	Ия байқалады	Заңнаманы қайта қарастыру, ІАҚ есептерін тану
2	Сарапшы 2	Жүйе жетілдірілмеген	Эл/к аудит енгізіліп жатыр, эл/к базаға рұқсат жоқ	Жекелеген функц қайталануда	Жоқ, қайталану функц бар	Аудит объектісінде ауырлық бар, тексерулер көп	Ия байқалады	Заңнаманы қайта қарастыру
3	Сарапшы 3	Сыртқы аудит орг біреу болу керек	Барлығы заңға сәйкес	Заңға сәйкес	ия	жоқ	жоқ	Қайталанулар жоқ
4	Сарапшы 4	Тиісті жетілген, қайталану байқалады	ІАҚ есебі танылмайды	Бірқатар мәселелер бар	Қайталанулар бар	Аудиторларды тиімді пайдалану керек	Ия қайталанулар	Функцияларды қайта қарастыру
5	Сарапшы 5	Жүйе тиімді	Кемшілік жоқ, кешенді бақылау жүргізілуде	Дұрыс орындауда	ия	жоқ	Ия байқалады	Функцияларды қайта қарастыру керек
6	Сарапшы 6	Жүйе бірқалыпты жүзеге асырылуда	Қайталанулар бар	Заңға сәйкес	Өзгерістерді талап етеді	Функциялардың қайталанулар	Ия қайталанулар	Тиісті өзгерістер енгізу
7	Сарапшы 7	Жұмыс тетігін қайта қарастыру керек	Штаттық кестені дұрыстау	ия	ия	жоқ	Барлығы қайталанулар	Бір аудит органы қажет
8	Сарапшы 8	Жетілдіру қажет, ІАҚ есебі тану нормасын енгізу керек	Жалақының аздығы, аудиторлардың тәуелсіздігі	Аудиторлардың біліктілігін үнемі арттыру қажет	ЖАП тан басқа органдарға да функция қосу керек	Бір аудит объектісінде бірнеше тексерулер	Ия қайталанулар	Жүйені түбегейлі өзгерту керек
9	Сарапшы 9	Жетілдірілмеген, функциялар дұрыс бөлінбеген	Қайталанулар орын алуы	Кейбір органдарды қысқарту керек	Жоқ, қайта қарастыру керек	Функциялар қайталануда	Ия	Жүйеге өзгеріс енгізу қажет
10	Сарапшы 10	Жүйе жеткілікті тиімді	Жүйелік кемшіліктер бар	ия	ия	жоқ	Ия байқалады	Функцияларды қайта қарастыру керек

Талдау қортындысы бойынша «мемлекеттік аудит жүйесінің қазіргі жағдайы» параметрі бойынша 6 сұхбат беруші жүйе жеткілікті жетілдірілмеген, оған тиісті өзгертулер енгізілуі керек десе, 3 сұхбат беруші қазіргі жүйенің жағдайына көңілі толатынын айтқан.

Ал басқа параметрлер бойынша барлық сұхбат алушылар мемлекеттік аудит жүйесінде орын алып жатқан мәселелер бар деп пайымдайды. Ол өз кезегінде мемлекеттік аудит органдары арасындағы өзара іс-қимыл барысында да орын алып жатады. Соның ішінде: жалақының аздығы, тәуелсіздік принциптерінің сақталмауы, штаттық кестенің дұрыс жасақталмағаны, бір аудит объектісіндегі бірнеше тексерулер, қайталану функцияларының үнемі орын алуы, ішкі аудит қызметтерінің аудит қортындысын танымау, аудиторлардың біліктілігін арттыру шараларының тапшылығы.

Бұл ретте барлық мәселелердің ішінде сұхбат берушілердің басты назар аударған бірнеше өзекті мәселелері топталды, олар:

- Қайталану функцияларының үнемі орын алуы;
- Қолданыстағы заңнамалық актілердің жетілдірілмегені;
- Ішкі аудит қызметтерінің есептерін танылмауы
- Бір аудит объектісінде бірнеше тексерулердің орын алуы;
- Функциялардың дұрыс бөлінбеуі.

Осы орайда «Орын алып жатқан мәселелерді шешу жолдары» параметрі бойынша сұхбат берушілердің басым бөлігі – қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгертулер енгізу қажет деген ұсыныс білдіріп отыр.

Сонымен қатар сұхбат берушілердің арасында мемлекеттік аудит жүйесіне оң бағасын бергендер де бар. Олар өз кезегінде мемлекеттік аудит

жүйесінің бірқалыпты жүзеге асырылып келе жатқанын, өзара іс-қимыл барысында қайталану функциялары орын алмайды, себебі барлық органдар өз мемлекеттік аудит жүргізу тізбелерін бір-бірімен келіседі деп есептейді.

Сұхбаттың екінші бөлігі бойынша жоғарыда қайталану болуы мүмкін 7 функция бойынша сұхбат берушілердің пікірлері сұралды.

Сурет 34.

№	Аты-жөні	8.Сәйкесік аудитін кім жүргізу керек?	9.Тиімділік аудитін кім жүргізу керек?	10.Қарж. есептілік аудитін кім жүргізу керек?	11.Мемл. жоспарлау құжаттар/н жүзеге асырылуын кім тексеру керек?	12.Т.Ә, ҚЭ, бюджет инвест жүзеге асырылуына кім аудит жүргізуі тиіс?	13.Байл. гран. бюджет инв. Мемл. кепіл беретін қарызды кім тексеру керек?	14.Мемл. жекелеу серікт. жобалар б/а міндеттем орындауына кім аудит жүр керек?
1	Сарапшы 1	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ІМАК және ЖАП	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис
2	Сарапшы 2	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ОМО мен ЖАО ІАҚ	ЖАП, тексеру комиссиялары	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК
3	Сарапшы 3	барлығына	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ЖАП, тексеру комис ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	Тексеру комиссиялары	ЖАП
4	Сарапшы 4	барлығына	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты
5	Сарапшы 5	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ЖАП, тексеру комиссиялары
6	Сарапшы 6	барлығына	ЖАП	ІМАК	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП
7	Сарапшы 7	ОМО мен ЖАО ІАҚ	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК
8	Сарапшы 8	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	Бұл функцияны автоматтандыру керек	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК
9	Сарапшы 9	ЖАП пен ОМО мен ЖАО ІАҚ	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП
10	Сарапшы 10	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ЖАП, тексеру комиссиялары

Жалпы сұхбат берушілердің пікірі әртүрлі. Себебі пікір білдірген сарапшылар мемлекеттік аудит органының әр түрінде, мекемесінде қызмет атқарады. Мысалы, «Сәйкестік аудиті» функциясын қай аудит органы жүргізуі тиіс деп есептейсіз деген сұраққа барлық сарапшылар бірауыздан ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтері жүргізген дұрыс деп есептейді.

Ал «Тиімділік аудит» функциясын ЖАП жүргізу керек десе, «Қаржылық есептілік аудиті» функциясын ІМАК жүзеге асыру керек деп пікір білдірді.

Сонымен қатар «Мемлекеттік жоспарлау құжаттарының жүзеге асырылуына аудит» функциясын қай аудит органы жүргізу керек деген сұраққа 7 сарапшы ЖАП десе, қалған сарапшылар басқа органдар жүргізуі керек деп есептейді.

Осы орайда матрица бойынша жүргізілген талдаудың қортындысы бойынша «Байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдалануына аудит жүргізу» «Нысаналы трансферттердің орындалуы, сонымен қатар мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландыруға аудит» функцияларын сұхбат берушілердің басым бөлігі ЖАП жүзеге асыру керек деген пікір білдірді.

Ал «Технико-экономикалық, қаржы-экономикалық және бюджеттік инвестицияның сметалық құнының өзгеруіне қатысты шығыстарға аудит жүргізу» функциясын ЖАП да, ІМАК те жүргізуі керек деген бірдей пікірлер білдірілді. *(32-33 суреттер матрица ретінде сауалнама қортындысы негізінде автормен құрастырылған).*

Жалпы қорыта келе барлық қолданылған әдістер: Заңға талдау жүргізу, мемлекеттік аудиторлар арасында сауалнама өткізу, мемлекеттік аудит саласында тиісті еңбек өтілі бар сарапшылардан сұхбат алу – қолданыстағы заңнамадағы мемлекеттік аудит органдарының функцияларын егжей-тегжейлі талдауға, оған баға беруге, одан әрі қортынды жасап, тиісті ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде магистрлық жобаның өзекті мәселелерін шешу жолдарын анықтап, тиісті ұсыныс беруге мүмкіндік берді.

Барлық әдістердің қортындысы бойынша Заңға жасалған талдау нәтижесі бойынша анықталған 7 қайталану функциялардың сауалнама мен сұхбат қортындысы бойынша:

- 4 функция ЖАП пен тексеру комиссияларына;
- 2 функция ІМАК пен оның аймақтық департаменттеріне;
- 1 функция ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне жататыны анықталды (Қосымша 3).

Осы орайда «Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының жүзеге асырылуы» функциясы біздің пайымдауымызша ұзақ және қысқа мерзімді құжаттар деп екіге бөлінуі керек. Ұзақ мерзімді құжаттарды ЖАП пен тексеру комиссияларына, ал қысқа мерзімді құжаттарды ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне жатқыздық. Себебі ұзақ мерзімді құжаттар жалпы мемлекеттің стратегиялық бағытын, ел экономикасының халықаралық деңгейдегі орнын көрсететін құжат. Сол себепті ЖАП пен тексеру комиссиялары сыртқы мемлекеттік аудит органдары ретінде осы бағыттағы аудит жүргізгендіктен басымдылық осы мекемелерге беруді дұрыс деп есептедік.

Ал қысқа мерзімді құжаттардың ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне берілуі себебі, әр мемлекеттік органның ұзақмерзімді құжаттарды орындауда өздерінің ішкі жоспарлы құжаттары болады. Осы орайда ішкі аудит қызметтері мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі болғандықтан ішкі құжаттардың жүзеге асырылуын талдау, бағалау және оған тексеріс жүргізу сол аудит органының тікелей құзырында болуы керек деп есептейміз. Бұл жайлы жүргізілген сұхбат барысында пікірін білдірген сарапшылар бар *(17-33 суреттер диаграмма, матрица негізінде автормен құрастырылған).*

Қорытынды

Қорыта келе мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылы барысында орын алатын қайталану функциялары жоғарыда аталған мәселелерді туғызатыны анық. Жалпы магистрлық жоба аясында аталған мәселелер егжей-тегжейлі зерделенді. Бұған қоса мемлекеттік аудит жүйесінің халықаралық тәжірибесі қарастырылып, талдау жасалынып, Қазақстандық модельмен салыстырылды, артықшылықтары мен кемшіліктері айтылып, көрсетілді. Қолданыстағы Заңға талдау жасау әдісі қоданылып, қайталануы мүмкін функциялар таңдап алынды. Зерделенген ақпараттарды растау мақсатында мемлекеттік аудиторлар арасында сауалнама жүргізіліп, сапаршылық пікірлерді білу үшін сұхбаттар алынды. Аталған әдістердің нәтижесі бойынша қортынды жасалынды.

Сауалнама бойынша респонденттердің басым бөлігі, сұхбат берген сарапшылардың көпшілігінің пікірінше мемлекеттік аудит жүйесіндегі қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер – бүгінгі күнде қажет. Әсіресе толассыз тексерулерді болдырмау үшін, жемқорлық тәуекелділікті тудырмау үшін мемлекеттік аудит органдарының функцияларына бірқатар өзгерістер қажет етілетіндігі айтылып отыр.

Сол себепті аудит органдарының функциялары бірқатар жетілдіруді талап ететіні байқалады. Себебі мемлекеттік аудит органдарының функцияларында қайталану орын алып отыр. Өз кезегінде жетілдіру жолдары бірқатар рәсімдік бағыттарды талап етеді. Ол – қолданыстағы заңнамаларға, одан әрі заңға өзгеріс енгізу арқылы ережелерге, қағидаларға, әдіснамалық құжаттарға тиісті өзгертулер мен толықтырударды енгізу арқылы. Дегенмен аталған іс-шаралардың нәтижесі жобамызда көтеріп отырған бірқатар өзекті мәселелердің шешімін табады деп есептейміз. Бұл өз кезегінде әр мемлекеттік аудит органдарының өз құзыреттіліктерін жауапкершілікпен атқаратынына растау болуы керек.

Сонымен қатар қайталануды тудыратын жоғарыда аталған «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандартын ішкі аудит қызметтеріне тарату туралы ұсынысты сұхбат барысында сарапшыларымыз да көтеріп отыр. Бұл да орын алып жатқан қайталану функцияларының себебінен туындайды.

Осы орайда жоғарыда көрсеткен қайталану функцияларын келесідей бөлуді ұсынамыз:

1. Жоғарғы аудиторлық палатасы мен тексеру комиссияларына:

- тиімділік аудиті;
- Ұзақ мерзімді (1 жылдан жоғары) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының жүзеге асырылуын талдау, бағалау;
- «Байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың...»;

- «Республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, сонымен қатар мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландыруға...»

2. ІМАК және оның аймақтық департаменттеріне:

- қаржылық есептілік аудиті;
- бюджет. инвест. ТЭ, ҚЭ, сметалық бағаларға аудит.

3. ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне:

- сәйкестік аудиті;
- МО қысқа мерзімді стратегиялық, даму жоспарлары мен мемлекеттік бағдарламаларды талдау, бағалау.

Бұл ретте аталған ұсыныстарды жүзеге асыру үшін келесідей іс-шараларды атқару қажет етіледі:

1) МАҚБ Заңға өзгеріс енгізу, соның ішінде ЖАП (12 бап), тексеру комиссиялары (13 бап), ІМАК және оның аймақтық департаменттері (14 бап) және ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтерінің (15 бап) құзыреттеріндегі қайталану функцияларын жою керек (*салыстырмалы кесте қосымша 2 бетте тіркелген*);

2) МАҚБ Заңдағы мемлекеттік аудит типтерін (12-15 баптар), мемлекеттік аудит органдары арасында нақты аражігін ажырату керек;

3) Мемлекеттік аудит туралы Заңға (19 баптың 1 тармағы) «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандартын ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне де таратылатындай етіп толықтыру енгізілу керек.

Бұл ретте мұндай өзгерістер жүзеге асырылған жағдайда келесі оң нәтижелер күтілуде:

- бір аудит объектісіндегі толассыз тексерулер жойылады;
- жемқорлық тәуекелділік азаяды;
- мемлекеттік аудит жүргізудің сапасы артады;
- барлық мемлекеттік аудит органдарының мәртебесі бірдей болады.

Осы орайда аталған нәтижелер мемлекеттік аудит жүйесінің жетілуіне мүмкіндік береді және аудит жүргізудегі өзара іс-қимылдың тиімді жүргізілуіне оң септігін тигізеді деп есептейміз. деген үміттемін. Бұған қоса мемлекеттік аудит стандарттарының толық жұмыс атқаруына жол ашады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит жүйесінің одан әрі дамуы жаһандану заманының талабына, халықаралық, әлемдік тәжірибелерге сай үнемі жетілдіруді талап етеді. Бұл ретте магистрлық жоба аясында бұл салада орын алып келе жатқан, жоғарыда аталған мәселелер мен кемшіліктер бұл жүйенің тұрақты түрде жетілдіріліп тұруына өз кедергісін тигізіп отырғаны анық.

Осы орайда зерделеу нәтижелері бойынша ұсынып отырған ұсыныстар жүзеге асырылған жағдайда ең әуелі аталған салаға, содан кейін жалпы ел экономикасының тұрақты дамуына өзінің оң әсерін тигізетіні әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>;
2. Мемлекеттік аудит жүйесін құру және оның даму перспективалары, «Мемлекеттік аудит» ғылыми-практикалық журнал, 2021 жыл, <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/917/>;
3. Жаңа мемлекеттік аудит жүйесіндегі мемлекеттік жоспарлаудың дамуы, «Вечерняя Астана» газеті 2017 жыл, <https://rkastana.gov.kz/ru/news/smi-o-nas/130>;
4. Қазақстандағы мемлекеттік аудиттің сапасына әсер ететін факторларды талдау, «Вопросы государственного муниципального управления» журналы, 2018 жыл, <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-faktorov-vliyayuschih-na-kachestvo-gosudarstvennogo-audita-v-kazahstane/viewer>;
5. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды ұйымдастыру, Вестник Инновационного Евразийского университета. 2019ж. № 1 ISSN 1729-536X, http://vestnik.ineu.edu.kz/files/articles/old/article_531.pdf;
6. Мемлекеттік аудитке өтудің негізгі аспектілері, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бюллетені, 2016 жыл, <https://rkastana.gov.kz/ru/news/smi-o-nas/135>;
7. ҚР мемлекеттік аудиттің мәселелері мен даму жолдары: <https://financial.lnu.edu.ua/wp-content/uploads/2015/10>;
8. Мемлекеттік аудиттің әдіснамалық аспектілері: <https://rep.enu.kz/bitstream/handle/enu>;
9. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылындағы механизмді жетілдіру: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/1167>;
10. РФ мемлекеттік аудиттің дамуы: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-gosudarstvennogo-audita-v-rossiyskoy-federatsii-1>;
11. Совершенствование системы государственного аудита в РФ в финансово-бюджетной сфере, Вестник университета Кутафина, <https://vestnik.msal.ru/jour/article/viewFile/561/561>;
12. Тиімділік аудиті: Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі аясындағы даму жолдары және негізгісі: <https://cyberleninka.ru/article/n/audit-effektivnosti-vazhnost-i-perspektivy-v-ramkah-sistemy-gosudarstvennogo-finansovogo-kontrolya>;
13. Аудит, сыртқы аудиттің мағынасы, түрлері, мақсаты: <https://e-nauka.kz/audit-sushhnost-celi-i-vidy-vneshnego-au/>;
14. Аудит в Китае, <https://dspace.spbu.ru/bitstream/11701/13032/1>;

15. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының құқықтық мәртебесі (Қытай-Ресей мысалында): <http://publishing-vak.ru/file/archive-law-2021-12/g1-titenko-kostromina.pdf>;
16. История становления аудита в РФ: <https://rv-ryazan.ru/gosudarstvennyj-finansovyj-kontrol-istoriya-stanovleniya-i-razvitiya/>;
17. 1998 жылғы 31 шілдедегі №145-ФЗ Ресей Федерациясының Бюджеттік кодексі (дереккөз);
18. РФ 2013 жылғы 5 сәуірдегі «Ресей Федерациясының Есеп палатасы туралы» №41-ФЗ Федералдық Заңы;
19. РФ 2011 жылғы 7 ақпандағы «Ресей Федерациясының құрылтай субъектілерінің және муниципалитеттердің бақылау және есепке алу органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің жалпы принциптері туралы» №6-ФЗ Федералдық Заңы;
20. РФ Үкіметінің 2020 жылғы 23 шілдедегі №1095 қаулысымен бекітілген «Тексерулер, аудиттер және сауалнамаларды нәтижелерін енгізу» ішкі мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылаудың федералдық стандарты және 2020 жылғы 17 тамыздағы №1235 қаулысымен бекітілген «Тексерулер, аудиттер мен сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін есепке алу» ішкі мемлекеттік (муниципалдық) қаржылық бақылаудың федералдық стандарты;
21. Ресейдің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүзеге асырудағы мәселелері: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/116719/1/978-5-91256-557-1_2022_191.pdf;
22. Непрерывное совершенствование госфинконтроля: на благо граждан и государств: https://minfin.gov.ru/ru/press-center/?id_4=38721-nepriyvnoe-sovershenstvovanie-gosfinkontrolya-na-bлаго-grazhdan-i-gosudars-tva;
23. Развитие государственного аудита в РФ: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-gosudarstvennogo-audita-v-rossiyskoy-federatsii/viewer>;
24. Литва Республикасының Мемлекеттік бақылау органының парақшасы: <https://www.valstybeskontrole.lt/LT>;
25. Литва Республикасының Конституциясына, «Мемлекеттік бақылау туралы» 1995 жылғы 30 мамырдағы №I-907 Заңы;
26. Литва Республикасының «Ішкі мемлекеттік бақылау және аудит туралы» 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № IX-1253 Заңы;
27. Литва Республикасында өткізілген тағылымдаманың есебі;
28. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392>;
29. Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен аудит Жоғарғы аудит палатасынан алынған ашық ақпараттар;

30. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту туралы» №167 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000167>;

31. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 12-НҚ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы» нормативтік қаулысы: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012493>;

32. Жоғарғы аудиторлық палатасының 2015 жылғы 28 қарашасында №9-НҚ нормативтік қаулысымен және Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 27 қарашасындағы №589 бұйрығымен бірлесіп бекіткен «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары», <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012577>;

33. Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы РМҚК, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі, Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың есептері;

34. «Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012490>;

35. «Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 13-НҚ нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012476>;

36. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ішкі аудит департаментінің 2023 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі, Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2022-2023 жылдарға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелері: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/about/structure/departments/npa/4349/1?lang=ru>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/about/structure/departments/activity/18913/1?lang=ru>;

ТАЛДАМАЛЫҚ ЖАЗБА

Жоба (зерттеу) авторы: Талғаров Айдос Асқарұлы
Ғылыми жетекшісі: Жолдыбалына Алуа Серікқызы

Жоба (зерттеу) идеясы	Мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру: Қайталану функцияларын талдау
Орын алған мәселе (кейс)	<p>Мемлекеттік аудит жүргізу органдарының мемлекеттік аудит жүргізудегі өзара іс-қимылы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Заңымен айқындалғанмен сыртқы және ішкі аудиттің функцияларында, олардың аудит түрлеріне, типтеріне, функцияларына қарамастан, тәжірибеде функциялардың қайталануы орын алуда. Осыған орай мемлекеттік аудит жүйесінде бүгінгі күнде бірқатар мәселелер орын алуда.</p> <p>Жоба идеясы аясында әдебиетке шолу барысында осы уақытқа дейін мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру туралы бірқатар мақалалар, жобалар, жұмыстар жүргізіліп келе жатқаны байқалады. Соның ішінде қайталану функцияларының орын алып жатқаны жайлы бірқатар ғылыми жариялыным, магистрлық жобалар жасалып, орын алған мәселелер бойынша бірқатар ұсыныстар берілген, алайда орын алып отырған мәселе әлі күнге дейін өзінің оң шешімін таппай келеді. Сол себепті аталған сала бірқатар өзгерістерді талап етіп, жетілдіруді талап етеді.</p> <p>Өз кезегінде мемлекеттік аудитті жетілдіру бойынша орын алып отырған мәселелерді зерттеу себептері келесідей:</p> <p>1) Мемлекеттік аудит органдарының өзара іс-қимылындағы негізгі мәселенің бірі болып бір аудит объектісі аясындағы толассыз тексерулер табылады. Қазіргі таңда мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудит объектілеріне бір уақыт, бір мезгілде аудит типтеріне қарай бірнеше тексерулер жүргізуге құқылы. Бұл үрдіс мемлекеттік органдардың қызметтеріне өзінің кері әсерін тигузе және ағымдағы жұмыс барысының тиімді жүргізілуіне кедергі жасауда. Сол себепті қайталану тексерулерді болдырмау мақсатында қазіргі уақытта мемлекеттік аудит органдарының функциясына талдау жүргізіп, оларды ұайта қарастыру мәселесі туындап отыр;</p> <p>2) Мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілген бірнеше тексерулердің әсерінен туындайтын жемқорлық тәуекелділік. Бұл мәселе әрине барлық органдарда орын алатын жағдай. Алайда, дәл мемлекеттік аудит саласындағы жемқорлық тәуекелділігі, аталған жүйенің дамуына кері әсерін тигізуде. Себебі аудит объектісі толассыз тексерулердің салмағын жеңілдету, аудиттің нәтижесіне ықпал ету мақсатында жемқорлық қадамына жол беруі ықтимал. Әрине бұл құбылыстар тексеру объектісіндегі жүргізілетін толассыз тексерулердің салдарынан болуы мүмкін деп есептеймін. Сол себепті аудит саласындағы жемқорлық мәселесі статистика бойынша өзекті болып табылады.</p> <p>3) Барлық аудит органдарына «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандартының тараматылмауы. Барлық мемлекеттік аудит органдары өзара іс-қимылында бір-бірінің аудит нәтижелерін мойындауы, қабылдауы тиіс. Алайда, бұл принцип орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтеріне таратылмайды. Бұл принцип сыртқы аудит органдары мен ішкі аудит органдарының ішіндегі тек ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - ИМАК) мен оның аймақтық департаменттеріне ғана тиесілі. Бірақ мемлекеттік аудит процесіне барлық талаптар ортақ. Бұл, бір тексеру органы екінші тексеру органының үстінен</p>

	кедергісіз тексеру жүргізе беретінін дәлелдейді. Сол себепті бүгінгі күнде шешілуі тиіс мәселе болып табылады.
<p align="center">Мәселенің қолданыстағы шешу тетіктері</p>	<p>Бүгінгі күнде мемлекеттік аудит жүйесіндегі қайталану функцияларын көрсету үшін осы саланы реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу әдісі қолданылды. Осы нормативтік-құқықтық актілерді салыстыру арқылы және мемлекеттік аудит жүйесін басқа мемлекеттер тәжірибесімен салыстыру арқылы айырмашылықтар мен ерекшеліктер анықталды.</p> <p>Бұдан әрі қайталану функцияларын жою үшін, тиісінше мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру үшін сараптамалық сауалнама, сұхбат әдістері қолданылды.</p> <p>Артықшылықтар</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау заңмен реттелген; - мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі құрылған; - мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттары мен тәжірибелері қолданысқа енгізілген; - барлық аудиторлар мемлекеттік аудитор сертификаттарына ие; - аудиторларға халықаралық сертификат иеленген жағдайда еңбекақысының көтермеленуіне мүмкіндік берілген; - жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік аудиторларды оқыту факультеттері ашылған. <p>Кемшіліктер</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір мекемеде бір қаржы жылында орын алып жатқан толассыз тексерулер; - жемқорлық тәуекелділік; - бір аудит органының үстінен екінші аудит органының қайта тексеру жүргізуі (аудиттің өзара нәтижелерін тану).
<p align="center">Мәселелені шешу жолдары</p>	<p>Анықталған қайталану функцияларын келесідей бөлу ұсынылды:</p> <p>4. Жоғарғы аудиторлық палатасы мен тексеру комиссияларына:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тиімділік аудиті; - Ұзақ мерзімді (1 жылдан жоғары) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының жүзеге асырылуын талдау, бағалау; - «Байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың...»; - «Республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, сонымен қатар <u>мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары</u> бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландыруға...». <p>5. ІМАК және оның аймақтық департаменттеріне:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қаржылық есептілік аудиті; - бюджет. ТӘ, ҚЭ, сметалық бағаларға аудит. <p>6. ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сәйкестік аудиті

	<p>- МО қысқа мерзімді стратегиялық, даму жоспарлары мен мемлекеттік бағдарламаларды талдау, бағалау;</p> <p>Бұл ретте аталған ұсыныстарды жүзеге асыру үшін келесідей іс-шараларды атқару қажет етіледі:</p> <p>4) Мемлекеттік аудит туралы Заңға өзгеріс енгізу, соның ішінде ЖАП (12 бап), тексеру комиссиялары (13 бап), ІМАК және оның аймақтық департаменттері (14 бап) және ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтерінің (15 бап) құзыреттеріндегі қайталану функцияларын жою керек;</p> <p>5) Мемлекеттік аудит туралы Заңдағы мемлекеттік аудит типтерін (12-15 баптар), мемлекеттік аудит органдары арасында нақты аражігін ажырату керек;</p> <p>6) Мемлекеттік аудит туралы Заңға «Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану» стандартын (19 баптың 1 тармағы) ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтеріне де таратылатындай етіп толықтыру енгізілу керек.</p> <p>Мүмкіндіктер</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік аудит тізбесін жоспарлауда нақты қағидаттарға сүйенеді; - әр мемлекеттік аудит органы өзінің нақты құзыретін білетін болады; - мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану арқылы аудиторлардың өзара ашықтық принциптері артады. <p>Тәуекелдер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Заңға өзгеріс енгізу жолдарының қиындықтары; - тиісті мемлекеттік органдардың ұсынылған ұсыныстарға белсенділігі төмен болуы мүмкін;
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Бір аудит объектісіндегі толассыз тексерулер жойылады; - Жемқорлық тәуекелділік азаяды; - мемлекеттік аудит жүргізудің сапасы жақсарады; - барлық мемлекеттік аудит органдарының мәртебесі бірдей болады.
<p>Әдебиет</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ Заңы https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392; 2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту туралы» №167 Жарлығы https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000167; 3. Жоғарғы аудиторлық палатасының 2015 жылғы 28 қарашасында №9-НҚ нормативтік қаулысымен және Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 27 қарашасындағы №589 бұйрығымен бірлесіп бекіткен «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012577;

**Мемлекеттік аудит органдары арасындағы қайталану
функциялары (құзыреттер) туралы ақпарат**

№	ЖАП	Тексеру комиссиялары	ІМАК, оның аймақтық департаменттері	ОМО мен ЖАО Ішкі аудит қызметтері
«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V Заңы				
1	Тиімділік аудиті (12 бап, 1 тармақ)	Тиімділік аудиті (13 бап, 1 тармақ)		Тиімділік аудиті (15 бап, 2) тармақ)
2	Сәйкестік аудиті (12 бап, 2 тармақ)	Сәйкестік аудиті (13 бап, 2 тармақ)	Сәйкестік аудиті (14 бап, 1) тармақ)	Сәйкестік аудиті (15 бап, 3) тармақ)
3	Қаржылық есептілік аудиті (12 бап, 3 тармақ)	Қаржылық есептілік аудиті (13 бап, 3 тармақ)	Қаржылық есептілік аудиті (14 бап, 2) тармақ)	
4	республикалық бюджетті атқару және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде, ал Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша өзге де бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асырудың (12 бап, 1-3 тармақ)	тиісті бюджетті атқару және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде, ал Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша өзге де бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуының (13 бап, 1-5 тармақ)		бюджет шығыстарымен өзара байланыста мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының және аумақтарды дамыту бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуін талдайды (15 бап, 4) тармақ)
5	квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген республикалық бюджет қаражатын қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкес пайдалануына сәйкестік аудитін жүзеге асырады (12 бап, 2-9 тармақ)	жергілікті бюджеттен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген қаражатты қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігі бойынша пайдалануына (13 бап, 2-5 тармақ)	техникалық-экономикалық негіздемені, қаржылық-экономикалық негіздемені және бюджеттік инвестициялардың сметалық құнын түзетуге байланысты шығыстарға (14 бап, 2 тармақ, 1 абзац)	

6	байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың (12 бап, 1-7 тармақ)	байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың (13 бап, 1-2 тармақ)	республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының, кредиттердің, байланысты гранттардың, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздардың, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздардың пайдаланылуына, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекет кепілгерлігімен және кепілдігімен тартылатын қарыздарды алу шарттарын сақтауына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, депутаттық сауалдар бойынша мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелері деректерінің мониторингі нәтижелері бойынша (14 бап, 2 тармақ, 2 абзац)	
---	---	---	---	--

7	<p>республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландыруға (12 бап, 2-6 тармақ)</p>		<p>мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру мақсаттары үшін объектілерді беру шарттары мен рәсімдерінің сақталуына, бюджеттік кредиттер беруге, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, мемлекеттік кепілдіктердің және мемлекет кепілгерліктерінің атқарылуын қаржыландыруға, сондай-ақ олардың пайдаланылуына (14 бап, 2 тармақ, 3 абзац)</p>	
---	--	--	---	--

Мемлекеттік аудиторлар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша қортынды ақпарат


1. Сіздің мемлекеттік органыңыз қай өңірден/Из какого региона ваш государственный орган?

130 ответов




2. Мемлекеттік аудиттің қай түріне жатасыз/Какому виду гос. аудита относитесь?

130 ответов




3. Сіз қай мемлекеттік аудит органынансыз/Из какого вы органа государственного аудита?

130 ответов




4. Мемлекеттік аудит органдары арасындағы функциялар дұрыс бөлінген ба/Правильно ли распределены функций между органами государственного аудита?

130 ответов




5. Мемлекеттік аудит органдары арасында қайталанулар бар ма/Имеется ли дублирование между органами госаудита?

130 ответов




6. Мемлекеттік аудит органдарының функцияларын қайта қарастыру қажеттілігі бар ма/Имеется ли необходимость пересмотреть функции органов гос. аудита?

130 ответов




7. Егер ия болса, не үшін/Если да, тогда почему? (бірнеше нұсқаны таңдауға болады/можно выбрать несколько вариантов)

130 ответов



8. Егер жоқ болса, не үшін/Если нет, тогда почему?


100 ответов



- қажеттілік жоқ/нет необходимости
 - қосымша рәсімдік жұмыстар/дополн...
 - жауап беруге қиналамын/затрудняю...
 - Нет необходимости
 - Нужно систематизировать, единый...
 - Пересмотреть функции
 - На сегодняшний день дублирования...
 - ...
- ▲ 1/2 ▼

9. «Сәйкестік аудиті» функциясын қай мемлекеттік аудит органының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит соответствия»?

130 ответов



- Жоғарғы аудиторлық палатасы және Тексеру комиссиялары/Высшая аудиторская палата и Ревкомы
- ИМАК және ИМАД/КВГА и ДВГА
- ОМО және ЖАО ІАҚ/СВА ЦГО и МИО

10. «Тиімділік аудиті» функциясын қай мемлекеттік аудит органының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит эффективности»?

130 ответов



11. «Қаржылық есептілік аудиті» функциясын қай мемлекеттік аудит органының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит финансовой отчетности»?

130 ответов



12. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыруға аудит» функциясын қай мемлекеттік аудит орғанының жүргізгені дұрыс/На какой орган госаудита отнесли бы функцию «Аудит исполнения стратегических документов более 3-5 лет»?


130 ответов




13. «Мемлекеттік органның Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыруға аудит» функциясын қай мемлекеттік аудит органының ...осрочные стратегические документы 1 года)
130 ответов




14. «Технико-экономикалық, қаржы-экономикалық және бюджеттік инвестицияның сметалық құнының өзгеруіне қатысты шығыста...метной стоимости бюджетных инвестиций?»
130 ответов



15. «Байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерл...ство государства, и активов государства?»
130 ответов



16. «Республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет...рственных концессионных обязательств»?
130 ответов



Сұхбат қортындысы бойынша матрица

№	Аты-жөні	1.Мемл. аудит жүйесінің жағдайы?	2.Мемл. аудит жүйесінің + -?	3.Мемл. аудит орг өз функц қалай орындауда?	4.Функциялар дұрыс бөлінген ба?	5.Өзара іс-қимылда қандай мәс/р байқайсыз?	6.Қайталану функциялары байқалады ма?	7.Қайт. жою туралы қандай ұсыныс бар?
1	Сарапшы 1	Тіпті жетілдірілмеген, қайталану байқалады	Бюдж. қараж. пайд. артқан, бірақ аудиттің орнына әлі бақылау жүргізілмеген	Өз функциясын заңға сәйкес орындайды	Қайталанулар бар	Кәсіби ойлау әртарапты	Ия байқалады	Заңнаманы қайта қарастыру, ІАҚ есептерін тану
2	Сарапшы 2	Жүйе жетілдірілмеген	Эл/қ аудит енгізіліп жағыр, эл/қ базаға рұқсат жоқ	Жекелеген функц қайталануда	Жоқ, қайталану функц бар	Аудит объектісінде ауырлық бар, тексерулер көп	Ия байқалады	Заңнаманы қайта қарастыру
3	Сарапшы 3	Сыртқы аудит орг біреу болу керек	Барлығы заңға сәйкес	Заңға сәйкес	ия	жоқ	жоқ	Қайталанулар жоқ
4	Сарапшы 4	Тіпті жетілген, қайталану байқалады	ІАҚ есебі танымалды	Бірқатар мәселелер бар	Қайталанулар бар	Аудиторларды тиімді пайдалану керек	Ия қайталанулар	Функцияларды қайта бөлу
5	Сарапшы 5	Жүйе тиімді	Кемшілік жоқ, кешенді бақылау жүргізілуде	Дұрыс орындауда	ия	жоқ	Ия байқалады	Функцияларды қайта қарастыру керек
6	Сарапшы 6	Жүйе бірқалыпты жүзеге асырылуда	Қайталанулар бар	Заңға сәйкес	Өзгерістерді талап етеді	Функциялардың қайталанулар	Ия қайталанулар	Тіпті өзгерістер енгізу
7	Сарапшы 7	Жұмыс тетігін қайта қарастыру керек	Штаттық кестені дұрыстау	ия	ия	жоқ	Барлығы қайталанулар	Бір аудит органы қажет
8	Сарапшы 8	Жетілдіру қажет, ІАҚ есебі тану нормасын енгізу керек	Жалақының аздығы, аудиторлардың тәуелсіздігі	Аудиторлардың білгілілігін үнемі арттыру қажет	ЖАП тан басқа органдарға да функция қосу керек	Бір аудит объектісінде бірнеше тексерулер	Ия қайталанулар	Жүйені түбегейлі өзгерту керек
9	Сарапшы 9	Жетілдірілмеген, функциялар дұрыс бөлінбеген	Қайталанулар орын алуда	Кейбір органдарды қысқарту керек	Жоқ, қайта қарастыру керек	Функциялар қайталануда	Ия	Жүйеге өзгеріс енгізу қажет
10	Сарапшы 10	Жүйе жеткілікті тиімді	Жүйелік кемшіліктер бар	ия	ия	жоқ	Ия байқалады	Функцияларды қайта қарастыру керек

№	Аты-жөні	8.Сәйкесік аудитін кім жүргізу керек?	9.Тиімділік аудитін кім жүргізу керек?	10.Қарж. есептілік аудитін кім жүргізу керек?	11.Мемл. жоспарлау құжаттар/н жүзеге асырылуына кім тексеру керек?	12.Т.Э, ҚЭ, бюджет инвест жүзеге асырылуына кім аудит жүргізуі тиіс?	13.Байл. гран, бюджет инв. Мемл кепіл беретін қарызды кім тексеру керек?	14.Мемл. жекелеу серікт. жобалар б/а міндеттем орындауына кім аудит жүр керек?
1	Сарапшы 1	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ІМАК және ЖАП	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис
2	Сарапшы 2	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ОМО мен ЖАО ІАҚ	ЖАП, тексеру комиссиялары	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК
3	Сарапшы 3	барлығына	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ЖАП, тексеру комис	ЖАП, тексеру комис ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	Тексеру комиссиялары	ЖАП
4	Сарапшы 4	барлығына	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты	Жоспар, бағдарламаға байланысты
5	Сарапшы 5	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ЖАП, тексеру комиссиялары
6	Сарапшы 6	барлығына	ЖАП	ІМАК	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП
7	Сарапшы 7	ОМО мен ЖАО ІАҚ	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК
8	Сарапшы 8	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	Бұл функцияны автоматтадыру керек	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК	ЖАП, ІМАК
9	Сарапшы 9	ЖАП пен ОМО мен ЖАО ІАҚ	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП	ЖАП
10	Сарапшы 10	ОМО мен ЖАО ІАҚ, ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ІМАК	ЖАП, тексеру комиссиялары	ЖАП, тексеру комиссиялары